

Айдосов С.Б. Қыдырова Л.Қ.

Әлеуметтану Қорлар Орталығы©

Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қ-сы, Қазақстан Республикасы

Балалар үйінің балаларын әлеуметтендіру

**Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған әдістемелік
құрал**

**Әдістемелік құралдың басылуы «Бота» қоғамдық қорының қаржылық
қолдауымен басылымға шығарылды**

2013

ББК 67.409

А36

Айдосов Серік Баймендеұлы – Әлеуметтік Қорлар Орталығының атқарушы директоры

Қыдырова Ләззат Құрманбекқызы- Әлеуметтік Қорлар Орталығының жоба тренері

Айдосов С.Б., Қыдырова Л.Қ.

А36 «Балалар үйінің балаларын әлеуметтендіру»-Шымкент, 2013-65 бет

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығушылығы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктеуде. Жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты тәрбиелік процестің тұтастығын тұрақтандыруға назар аударады. Осыған орай, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ортақ мақсатқа жетуге бағытталған өзара тиімді әрекеті, яғни ынтымақтастығы деуге болады. Осыған орай «Әлеуметтану қорлар орталығы» мекемесі әлеуметтік педагогикаға көмегін атап айтқанда ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру негіздері бойынша әлеуметтік педагогтарға көмекші құрал ретінде ұсынып отыр. Бұл оқу құралы қоғамның әлеуметтік проблемаларының педагогикалық аспектілерін игеру мақсатын көздейді. Әлеуметтік педагогика оның ішінде ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруді оқып үйрену барысында әлеуметтік педагог төмендегі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек: - әлеуметтік – педагогикалық тәжірибенің теориялық қолданбалы проблемаларын ұғыну және аналитикалық баға беру; - әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін семья, әр жастағы балалар сияқты түрлі категориялармен жүзеге асырудың тиімді жолдарын негіздеуі; - сәйкес технологияны таңдап алу үшін семьяны, мектепті, қиын балаларды, жас өспірімдерді, формальді емес бірлестіктерін әлеуметтік педагогикалық зерттеудің әдістемесін жасауды және қолдануды; Осыған орай «Әлеуметтану қорлар орталығы» мекемесі әлеуметтік педагогикаға көмегін атап айтқанда ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру негіздері бойынша әлеуметтік педагогтарға көмекші құрал ретінде ұсынып отыр.

ББК 67.409

© Айдосов С.Б., Қыдырова Л.Қ. 2013

© Әлеуметтік Қорлар Орталығы, 2013

Әлеуметтану Қорлар Орталығы

Әлімбетова, 203-8 Шымкент қ, 160008 Қазақстан
тел/факс: (7252) 565924, 579617 E-mail: serik1@rambler.ru Website: www.ukosrc.org

Тақырыбы: «Балалар үйінің балаларын әлеуметтендіру»

Оқытуды демократияландыру, ізгілендіру арқылы экономикалық, әлеуметтік өзгерістерге бейімделе отырып, әлемдік өркениетке ұмтылған қоғамда танымдық қызығушылығы, біліктілігі жоғары, белсенді азамат тәрбиелеу талабы бүгінгі таңдағы білім беру жүйесіне үлкен міндет жүктеуде.

Жеке тұлғаны қалыптастыру мақсаты тәрбиелік процестің тұтастығын тұрақтандыруға назар аударады. Осыған орай, тәрбиеші мен тәрбиеленушілердің ортақ мақсатқа жетуге бағытталған өзара тиімді әрекеті, яғни ынтымақтастығы деуге болады.

Осыған орай «Әлеуметтану қорлар орталығы» мекемесі әлеуметтік педагогикаға көмегін атап айтқанда ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру негіздері бойынша әлеуметтік педагогтарға көмекші құрал ретінде ұсынып отыр.

Бұл оқу құралы қоғамның әлеуметтік проблемаларының педагогикалық аспектілерін игеру мақсатын көздейді. Әлеуметтік педагогика оның ішінде ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруді оқып үйрену барысында әлеуметтік педагог төмендегі біліктер мен дағдыларды меңгеруі керек:

- әлеуметтік – педагогикалық тәжірибенің теориялық қолданбалы проблемаларын ұғыну және аналитикалық баға беру;
- әлеуметтік педагогикалық іс-әрекеттің міндеттерін семья, әр жастағы балалар сияқты түрлі категориялармен жүзеге асырудың тиімді жолдарын негіздеуі;
- сәйкес технологияны таңдап алу үшін семьяны, мектепті, қиын балаларды, жас өспірімдерді, формальді емес бірлестіктерін әлеуметтік педагогикалық зерттеудің әдістемесін жасауды және қолдануды.

Тәрбие және жеке тұлғалы әлеуметтендіру.

Әлеуметтік ұғым психология, философия және педагогикалық еңбектерде кеңінен қолданылады. «Әлеуметтендіру» ұғымы адамды әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесінде әр түрлі әлеуметтік бірліктердің (топтар, институт, ұйымдар) түрлеріне интеграциялау, одақтың қауымдастыру. Әлеуметтендіру — мәдени элементтерді түсіндіру, әлеуметтік мұраттар мен құндылықты игеру негізінде жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру.

Сөз жоқ әлеуметтендіру жүйесінің мазмұны қоғам талабымен айқындалады, яғни оның мүшелері қоғамның маңызды салаларын білу, өндірістік қызметке қатысу, берік үйелмен, заңды басшылыққа алатын азамат болуы қажет. Адамдардың мінезі – құлқы әлеуметтендірудің объектісі ретінде қалады. Бірақ адам бұл процестің объектісі ғана емес, субъектісі болған жағдайда ғана әлеуметтенеді. Әлеуметтендіру қоғам талаптарын жеке тұлғаның қалыптасу кезеңінде бірте-бірте игеруі, сана мен тәртіптің маңызды әлеуметтік мінездері, оның қоғаммен қарым-қатынасын реттейді. Ғылымға адамды «Әлеуметтендіру» термині саяси экономикадан келді, оның ең алғашқы мағынасы жерді, өндіріс құралдарын «қоғамдастырудан» басталды. Әлеуметтендірудің адамға тәуелдендірген автор американдық әлеуметтанушы Ф.Г.Гиддингс, (1887 ж.) өзінің «Әлеуметтендіру теориясы» кітабында, бұл ұғымды қазіргі ұғымға жақындастыра қарап: адамның әлеуметтік табиғи мінезін дамыту немесе индивидтің мінезін, жалпы адамды әлеуметтік өмірге дайындау. Тұлғаның әлеуметтік даму барысында қоғамда адам өзін тұлға ретінде сезінеді. Бұл тәрбие, білім және өзін-өзі тәрбиелеу жағдайында, адам өздігінен алдына мақсаттар белгілеп, оған жетуге өзінің бедел-сезімін түсінеді, қоғамдағы өз орнына сенімді. Әлеуметтендіру — тұлғаның белгілі бір бейнесін дәріптейді, оның негізгі белгілері: адамның әлеуметтік қарым-қатынасы, достық, сүйіспеншілік, отбасы, өндірістік, саяси т.б. көрінеді. «Адамның адам болып қалыптасуы жалғыздықта өмір сүрмейді, бірліктердің арқасында адам болып қалыптасады, өзін қоршаған басқа субъектілермен бірдей жағдайда тұрмайды, бірақ әркім-әрқайсысының жан-жақты ықпалынан осы жерлерге үздіксіз жауап

қайтаруынан».

Әлеуметтендіру жүйесінің алдына қойған міндеттерінің екі тобы шешімін табады: тұлғаның әлеуметтік бейімделуі мен әлеуметтік кемелденуі. Бұл міндеттердің шешімі ішкі және сыртқы факторларға байланысты. Соның ішінде, сыртқы ортаның қайшылықтары батаның бойында дамып келе жатқан ішкі қарсыластық күшіне сай келуге тиіс. Адамның орталыққа ұмтылыс күші, сыртқы мәдениеттің жерінен әлдеқайда басым болуы қажет, сонымен қатар, оның жаңа ағымын үздіксіз сезінуі керек.

Әлеуметтік бейімделу (адаптация) индивидтің қоршаған орта жағдайларына ыңғайлануы болса, ал әлеуметтік кемелдену өзінің іс-әрекетінің жүзеге асыру, тәртіптің қарым-қатынаста тұрақтылығы, тұлғаның өзі тураты иікірі, өз-өзіне баға беруі. Әлеуметтік бейімделу мен әлеуметтік кемелдену міндеттерінің шешімі: егер, ізгілікті орта болса, «барлығымен бірге болу» және «өзімен өзі болу» мотивтерімен, уәждік қажетсінумен реттеледі.

Сөз жоқ, адамды әлеуметтендіру нәтижелері әлеуметтік белсенділік, адамның әлеуметтік қарым-қатынасы байланысында көрініс беретін әрекетшілдігі. Әлеуметтендірудің көрсеткіштері: әлеуметтік ортаға бейімделу, әлеуметтік дербестік және әлеуметтік белсенділік. Әлеуметтендірудің көптеген тұжымдамаларын талдау, олардың барлығын осы аталған позициялардың, ұстанымның біріне жақындайды, олардың өзі адамның әлеуметтендіру жүйесіндегі орнын түсінуі. Біріншісі, адамның әлеуметтендіру жүйесінде моральдық позициясын ұстанады, ал әлеуметтендірудің өзін адамның қоғамға бейімделу кезеңі ретінде қарастырады, әрбір мүшені өзіне тән мәдениетіне қарай қалыптастырады. Әрбір адам, әсіресе, балалық шағында және ерте жастық шағының қарсаңында әлеуметтендіру процесінің негізгі объектісі болады. Оған дәлел жастардың осы қоғамға сай тәрбиеленуі, заңға мойынсынуы, берік отбасын құруға біртіндеп дағдылануы және т.б. әрекеттерге қызығушылық танытып, ынтамен дағдылануға талпынуы бола алады. Әлеуметтендіру процесі тек қоғамдық мекемелер қызметіне ғана емес, онда өмір сүретін жекелеген адамдарға, тіпті ұйымдарға өзіндік талап қояды. Осы тұста Эмиль Дюркгейм әлеуметтендіру процесін қарастыра отырып, әлеуметтендірудің бастамасы қоғамға байланысты, әсіресе, ол әлеуметтендірудің субъектісі болып табылады дейді. Сондықтан ол адамды дәл өзінің талаптарына сай тәрбиелеуді қажет етеді. «Әлеуметтендірудің міндеті - қоғамда жаңа ұрпақтарды тәрбиелеу» деген Э. Дюркгейм мен Т. Парсонстың теориялары көптеген зерттеушілерге түрткі болды. Сөйтіп, педагогикалық терминдер сөздігінде «әлеуметтендіру - бұл отбасымен және қоғаммен қарым-қатынас кезінде адамдардың рөлдерінің алмасу процесі» деп сипаттама беріледі. Адам өзінің дамуы мен қалыптасуы барысында біртіндеп толыққанды қоғамның мүшесі болады. Өйткені, олар қоғамның объектісі ғана емес, маңызды субъектісіне айнала бастайды. Қарым-қатынас процестерінің жиынтығы қоғам мен жеке әлеуметтік индивидтің қалыптасуына алып келеді Бүгінде әлеуметтену процесінің әрбір кезеңіндегі үш топтың міндеттері төмендегідей анықталған: 1. Мәдени-жаратылыстану міндеті - бұл дене және жыныстық дамудың белгілі бір деңгейге жетуімен сипатталады; 2. Әлеуметтік-мәдени міндеті - танымдық, адамгершілік-моральдық, құндылық қасиеттердің әртүрлі жастағы адамдарға тән болуымен сипатталады. Бұл міндеттер қоғамда тұтас және адамды қоршаған этногумандық ерекшеліктермен айқындалады. Адамның әлеуметтік-мәдени міндеті: а) институттар мен басқа да жоғары оқу орнындағы тәрбиелік жұмыстар арқылы жүзеге асырылады; ә) ол адамның өз практикасынан, өмірдегі көрген-білгенінен тұрады. 3. Әлеуметтік-психологиялық міндеті - жеке адамның өзін-өзі танып білуі немес өз идеяларын болашақта жүзеге асыруға қабілетті бола білуі арқылы анықталады. Бұл да адамның әр жас кезеңінде әртүрлі жүзеге асырылып отырады. Мысалы, мектеп қабырғасында жүргенде балалардың өз құрдастары арасында тіл табысуы, өз жоспарларын жүзеге асыруы, содан кейін ойындағы қалап жүрген оқуына түсуі, оны ойдағыдай бітіруі және т.б. Бұлар өздігінен жүзеге асыру болып саналады.

Өздігінен іске асыру әртүрлі формада көрінеді яғни олар әлеуметтік құнды, әлеуметтік пайдалы, әлеуметтік тұрғыда өте қолайлы, сондай-ақ әлеуметтік және антиәлеуметтік болуы мүмкін. Өзіне-өзі сеніммен қарау - өздігінен жүзеге асырған жұмысының нәтижесінен рахаттану сезімі немесе қанағаттану сезімінің қалыптасуымен айқындалады. Тіпті, кейде адам әлеуметтенудің құрбаны да болып кетеді. Ол әлеуметтену нәтижесінің адамның ішкі сезімдері мен жан дүниесіне қайшы келгенде орындалады. Әлеуметтену процесінің тиімді жүзеге асырылуы адам қоғамға өзін бейімдеп отыра алғанда ғана болады. Ал егер адам қоғам өзгерістеріне сай пайда болған жаңа талаптарға сәйкес бейімделе алмаса, онда ол әлеуметтенудің құрбаны болады. Мысалы: қазіргі уақыттағы жұмыссыз жүрген адамдарды алайық. Олар өз кезінде жақсы маман иелері болған. Бірақ бүгінгі күннің талабына сай келмей қалуына байланысты, яғни қоғам талаптарына сай өз мүмкіндіктерін жетілдіріп, дайындалмауынан әлеуметтену құрбанына айналып отыр. Сонымен қатар адам қолайсыз жағдайлардың да құрбаны болуы мүмкін. Мысалы, ата-анасы ішімдікке салынып кеткен отбасындағы балалар, медициналық қателіктің нәтижесі, экологиялық орта және т.б. да баланың қалыптасуында оның әлеуметтену құрбаны екендігін көрсетеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңде аурушаңдық, рухани соққы алу, отбасындағы жоқшылық, кедейшілік те кейде әлеуметтік ауытқуға алып келеді. Бастауыш мектеп жасында ата-анасының ішімдікке салынуы, өгей әке мен шешенің болуы, тәрбиеде дұрыс қамқорлықтың болмауы баланың тілінің дұрыс дамымауына әкеліп соқтырады. Сондай-ақ, ата-аналардың ажырасуы, мұғалімнің қатал қарым-қатынасы бала дамуында яғни әлеуметтенуінде үлкен рөл ойнайды.

Сонымен, адам әлеуметтену процесі кезінде оның объектісі де, субъектісі де және құрбаны да болады екен. Соның ішінде, әсіресе, мақсатты бағытталған тәрбие процесінің мәні зор. Әлеуметтенудің тиімділігі көбінесе тәрбиенің гумандық бағытының негізгі принциптерін бірізді де жүйелі жүзеге асыруына байланысты болады. Қоғамның қай кезеңінде болсын тұлғаны өзі өмір сүріп отырған қоғамына лайықты азамат етіп тәрбиелеу, қоғамның адам тәрбиесіне қоятын талаптарын қанағаттандыру мәселесі күн тәртібінен түскен емес. Осы мақсатта біз ерте кездердегі бабаларымыздың тәрбие тәжірибелерінде әлеуметтендіру мәселесінің қалай қойылып келгендігіне назар аударып көрейік.

Ғұламалардың бірі әл-Фараби араб халифатында ертеден қалыптасқан дәстүр бойынша мемлекет басқаруға лайық, білім-парасаты мен мінез-құлқы барынша кемел азаматтың болуы сол қоғамдағы тәрбиенің ең бірінші міндеті деп қарастырады. Бұл - сол қоғамның өркениеті үшін қажетті тұлғаның моделі ретінде сипатталды. Олай болса, ғалым ғұлама пікірінше, әрбір отбасында тәрбие алатын азаматтың бойында болашақ мемлекет басшысы, әміршісі ретінде болуға тиісті сапалар қалыптастырылуы керек деп біліп, қоғам талап етіп отырған қасиеттерді қалыптастыруды ұсынады. Ғұлама осы тұста өзінің «Философиялық-әлеуметтік трактатында» мынадай тұжырымдар мен қағидалар ұсынады: «Ешбір жанға бағынбайтын басшы адам өз бойына туа біткен мынадай он екі қасиетті ұштастыра жетілуі қажет деп көрсетеді.

Олар: - адамның мүшелері мүлде мінсіз болуға тиіс, бұл мүшелердің күші өздері атқаруға тиісті қызметті аяқтап шығу үшін мейлінше жақсы бейімделген болуы керек, сонда егер осы адам әлдебір мүшесінің жәрдемімен әлденедей бір істі істемек болса, ол мұны оп-оңай атқаратын болады;

- жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін түсінетін, айтылған сөзді сөйлеушінің ойындағысындай және істің жай-жапсарына сәйкес ұғып алатын болуы керек;
- өзі түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардан ешнәрсені ұмытпайтын болуы керек;

- әйтеуір бір заттың кішкене ғана белгісін байқаған заматта сол белгінің ишаратын іліп әкетерліктей алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі болуы шарт;
- өткір сөз иесі және ойына түйгеннің бәрін айдан-анық айтып бере алатын тілмар болуы шарт;

- өнер-білімге құштар болу, ақыл үйренуден шаршап-шалдықпай, осыған жұмсалатын еңбектен қиналып азаптанбай, оңай жететін болу керек;
 - тағамға, ішімдік ішуге келгенде қанағатшыл болуы керек, жаратылысынан сауыққұмарлықтан аулақ болып, бұдан алатын ләззатқа жирене қарауы шарт;
 - шындық пен шыншыл адамдарды сүйіп, өтірік-жалған мен суайттарды жек көру керек, жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын болуы шарт;

- оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары болып, жаратылысынан игі істерге ынтызар болуға тиіс;

- дирхем, динар атаулыға, жалған дүниенің басқа да төл нәрселеріне жирене қарап, жаратылысынан әділеттілік пен әділеттілерді сүйіп, әділетсіздік пен озбырлықты және осылардың иелерін жек көретін болуы керек, жақындарына да, жат адамдарға да әділ болып, жұртты әділдікке баулып, әділетсіздіктен зардап шеккендердің залалын өтеп, жұрттың бәріне өз білгенінше жақсылық пен ізгілік көрсетіп отыруы қажет;
 - әділ болу керек, бірақ қыңыр болмау керек, әділеттілік алдында қияс мінез көрсетіп қасарыспау керек;

- әділетсіздік пен пасықтық атаулыға мүлдем рақымсыз болуы шарт, өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асырғанша шешімпаздық көрсетіп, бұл ретте қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болу керек».

Осы қасиеттердің бәрін бала бойында қалыптастыра отырып, мінсіз адамды тәрбиелеп шығаруды қоғамдық мәні зор міндет етіп қойды. Дегенмен, әл-Фараби бұл қасиеттердің барлығы бірдей бір кісінің бойына бітіп, дари қоюы сирек болатын құбылыс екенін ескерте отырып, мұндай жағдайда олардың бойында барының негіздерін, нышандарын жетілдіруге кеңес береді. Оны ғалымның мынадай айтқан сөзінен аңғарамыз: «Осының бәрінің бір адамның бойында болуы қиын нәрсе, сондықтан да жаратылысынан осындай қасиет дарыған адамдар өте сирек кездеседі. Сондықтан егер біз өмір сүретін ортадан немесе отбасынан осындай адам табыла қалса және өзі өсіп-жетілген кезде жоғарыда аталған шарттардың алтауы немесе бесеуі оның бойына біткен болса, онда қиялдау қабілеті жағынан теңдесі болмағандықтан, ол осы қаланың айтулы басшысы болмақ» - деп осындай қасиетпен туылған адамның өзінің аса қабілетті әрі дарынды тұлға болатындығын сипаттайды.

Осы айтылған мәселелерге салыстырмалы талдау жасай келіп, баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіруде Жүсіп Баласағұнның көзқарасы да әл-Фараби идеяларынан туындаған деп тұжырым жасауға болады. Өйткені ақын Ж. Баласағұн да жеке тұлға тәрбиесін мемлекетті басқаруға лайықты азаматтық қасиеттермен байланысты қарастырады. Онда ғұлама адамдықты сипаттайтын төрт қасиет: әділдік, ақыл, дәулет, қанағатты бөліп көрсетіп, олардың қоғамдық-әлеуметтік мәніне сипаттама берген. «Қанағатты» адам баласын тіршіліктің бар қызығын қанағат тұтқан өмірдің сопылық жолы деп бөліп қарастырса, «Әділдік», «Ақыл» және «Бақытқа» талпынушылық нағыз адам баласына тән қасиеттер деп ерекшелейді. Осындай қасиеттер бойында қалыптасқан тұлға ел мүддесін ақтайтын идеал басшы - хан бейнесіне лайық дегенді ұсынады. Бұл жолда ақын Жүсіп Баласағұн отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – ата-аналардың балаларына берген жақсы тәрбиесі, жақсы мінез-құлқы мен рухани байлыққа қол жеткізуі деп біліп, оның өнегесі ата-анадан екендігін: «Ұл мен қыздың өнегесі ата-ана, Бәрі бізден - дұрыс па, әлде қата ма» (1485 бәйт), - деп сипаттайды. Сөйтіп, ата-аналардың өзара сыйластығы мен қарым-қатынастағы жарастығы балаларына жақсы тәрбие берудегі бірден-бір дұрыс жол деп санайды. Өйткені ата-ана өнегесін көріп өскен ұрпақ есейгенде өздері де сондай отбасы іргесін құрады деп қорытынды жасайды. Жеке адам деп әдетте нақты адамды, сол берілген қоғамның мүшесін айтады. Жеке адам болу үшін адам психикалық дамудың белгілі бір дәрежесіне жетуі және өзінің өзге адамдардан айырмасы бар екенін, бөлінбейтін біртұтас екенін білетіндей жағдайда болуы тиіс. Немесе жеке адам деп қоғамда белгілі бір мақсат қойып, сол мақсатты іске асыру жолында күресе алатын және қоғамға белгілі бір пайда келтіретін адамды айтамыз.

Педагогикалық еңбектерде жеке адам түсінігіне оның қоғамдық сипатына, өмір барысында өзіне топтаған әлеуметтік сапалар мен қасиеттер жиынтығын білдіретін белгілеріне байланысты анықтама беріліп жүр. Жеке адам белгілі бір көзқарастары мен қарым-қатынастарының болуымен, белсенділік дәрежесімен, басқа да қасиеттерімен сипатталады.

Жеке адам түсінігі қашан да педагог ғалымдарды, ағартушылар мен ойшылдарды ойландырып келген. Адамның адамдығын білдіретін қасиеттер қандай екендігі және оның өлшемдері қандай болуы керектігі және т.б. сұрақтар көпшілікті толғандырып келді. Осы тұста қазақтың ақыны Абай Құнанбаев өзінің 11-ші қара сөзінде «Қашан бір бала білім-ғылымды махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деп атап көрсетіп, адамдықтың белгісі оның рухани байлығы мен ықыласында жатқандығын сипаттайды. Сөйтіп, Абай адамдықты білдіретін үш-ақ қасиет екендігін: нұрлы ақыл, ыстық қайрат және жылы жүрек деп көрсетеді.

1.Қазіргі заман жағдайында «әлеуметтік педагог»мамандығының енгізілуінің әлеуметтік-тарихи контексті

Балалар, жасөспірімдер, олардың тәрбиешілері өмірінің қиын кезеңінде әлеуметтік педагогтан көмек сұрайды. Өмірден түңілген, үмітін жоғалтқан, қиындықты басынан кешірген және проблеманы өздігінен шеше алмаған олар түсіністікті, тілектестікті, адамгершілік қолдауды және нақты көмекті күтеді. Оларға сөзбен және іспен көмектесу, олардың өзіне сенуіне, өзінің құндылықтарын қайта қарауына және кемелденуіне ықпал ету-әлеуметтік педагогтың басты міндеті. Балалар мен жасөспірімдердің жанын түсіну және аялау әлеуметтік педагогтың негізгі миссиясы. Соңғы он жылдағы болып жатқан өзгерістер рухани – өнегелілік бағдарлауды, тұспалдауды, мұрат етуде көптеген қоғамдық сананың барлық формасының мазмұнына өзгертулер енгізді:

	Егемендікке дейінгі Қазақстан		Егеменді Қазақстан
1.	Жоспарлы экономика	1.	Нарықтық экономика
2.	Тоталитарлық жүйе	2.	Демократиялық жүйе
3.	Мемлекеттік меншік	3.	Жеке меншік
4.	Әлеуметтік жіктелу әлсіз	4.	Әлеуметтік жіктелу терең
5.	Оқушы-ұжым мүшесі	5.	Оқушы-жеке тұлға

Қазіргі заман жастарының қоғамдағы жағдайын әлеуметтік депривациялық жағдай ретінде, яғни олардың өмір сүруі мен тұлғалық дамуына жағдайдың жеткіліксіз болуы, шектеулік, материалдық және рухани ресурстардың жеткіліксіз болуын айтуға болады. Күнделікті өмірде жастар ішімдікпен, нашақорлықпен, ассоциалдық мінез-құлықпен, қылмыспен кездесуде. Баланың жаны мен психикасына жағымсыз әсер ететін толық емес, кикілжінді, қолайсыз, бейморалды отбасылар көбеюде. Балалар мен жастар үнемі білім беру мен тәрбие саласында да әлеуметтік депривацияға түсуде. Қазіргі таңда сапалы білім алу тікелей отбасының материалдық жағдайына, байланысты болып отыр.

Әлеуметтік қатынаста депривациялық фактор әлеуметтік жіктелудің күннен күнге тереңдеуіне және қала мен ауыл арасындағы айырмашылыққа байланысты болып отыр.

Әлеуметтік депривацияның көрінісінің бірі ретінде еліміздегі жартылай жетім және жетім балалар санының көбейіп отырғандығын айтсақ болады. Бұл проблема барлық мемлекеттерде бар мәселе. Бірақ та тірі ата-анасы бар кезде және олар мемлекет үшін товарға айналып отырған кезде жаңа көрініс-әлеуметтік жетімдердің көбею қаупі туындауда.

Әлеуметтік жетімдер деуінің себебі-қоғам өз мүшелеріне отбасылық, аналық борышын өтеуге жағдай тудырмай, жауапкершілік, махаббат, аяушылық және мейірімділік сезімін қалыптастырмай отыратындығында. Мемлекет пен сол елдің азаматының арасындағы қатігездік, немқұрайлық ата ана мен бала арасындағы қатынаста өз көрінісін табады.

Қазақстан қоғамының жоспарлы экономикадан нарықтық, тоталитарлық жүйеден демократиялық жүйеге ауысуы ескі проблемалардың шиеленісуіне жаңа проблемалардың соның ішінде жастар ортасында да пайдалануына әкеліп соғуда. Балалар мен жастардың әлеуметтік проблемалары халық арасындағы ерекше әлеуметтік демографиялық тобының өздері және қоғам үшін маңызды салаларындағы проблемалары. Бұл проблеманы шешу үшін өскелең ұрпақтың және оны әлеуметтендіру институтының белсенділігін ғана емес, мемлекет пен қоғам тарапынан арнайы саясаты қажет етеді.

Біздің елімізде бала проблемасы мен мемлекеттің жастарға қатынасы барлық кезде өзіндік, спецификалық көріністерге ие болған, ол қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымының ерекшелігін көрсететін. 1990 жылдың басына дейін ол функцияны комсомол және пионер ұйымдары атқаратын. Кеңес Одағы жастарының 90 пайызы осы ұйым мүшесі болғаны белгілі. Кеңес Одағының ыдырауына байланысты идеологиялық, басқарушы функцияларды іске асыратын барлық жастар институты тоқырауға ұшырады. Ол ұйымдардың атқарған қызметі өз уақытында ешбір атқарушы билік өкіліне берілмеді. 1991-1993 жылдары балалар мен жастар мәселесімен мемлекет айналыспады. Мұның өзі жастармен әлеуметтік жұмыс жүргізетін мекемелердің материалдық базасына үлкен зиян тигізді. Жастар ортасында жүйелі және құрылымдық дағдарыспен қатар жастар саясатын іске асыратын мемлекеттік органдарды құру, оны мамандармен қамтамасыз ету мәселесі де өткір мәселеге айналды. Ол маман әлеуметтік педагог болып есептеледі.

Жастар санасында өзекті дүние-өмірлік проблемаларының алуан түрлілігі болып саналады. Елімізде 500 оқушыға жүргізілетін зерттеулер нәтижесінде төмендегі жағдайлар анықталды.

Оқушылардың аса маңызды өмірлік проблемаларының рейтингісі

Рейтинг	Өмірлік проблемалары	Бұл проблемаларды маңызды деп санаған адам саны	Респонденттердің жалпы санының
1.	Мектептегі үлгерімі	250	50
2.	Жеке қолданыстағы ақшасының жетіспеушілігі	184	37

3.	Ата-анасымен қарым-қатынасы	134	27
4.	Достарының және жақын адамының болмауы	134	27
5.	Оқушы мен мұғалім арасындағы конфликт	94	20
6.	Құрдастарымен қарым-қатынасындағы проблемалар	84	17
7.	Бос уақытын өткізудегі проблемалар	34	7
8.	Басқа проблемалар	15	3

Мәліметтерді талдай келе бүгінгі таңдағы жастардың әлеуметтенуі, әлеуметтік ортаға бейімделуі күрделі процесс екендігін байқауға болады. Бұл қиындық алдымен өз болашағы үшін тұлғалық жауапкершілігін сезінуі мен тұлға ретінде өзін-өзі іске асыруы болып табылады. Бүгінгі таңдағы оқушының проблемаларының көзі мектеп болып отыр. Мектеп-оқушының біршама бөлігі үшін әлеуметтік бейімделіне жағдай жасай алмай отыр. Бұл жерде проблема тек қана оқушының үлгермеушілігінде болып отырған жоқ, мектеп-баланың негізгі өмірлік дағдыларын қалыптастыра алмай отыр.

Өскелең ұрпақтың табысты әлеуметтенуі үшін олардың тұлғалық дамуы үшін, қоғам мүддесі үшін инновациялық қызметі үшін жағдай жасалынуы тиіс. Соған байланысты тұлғаны әлеуметтік қорғаудың өзектілігі артып отыр.

Әлеуметтік қорғау – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен қалыптасуына әлеуметтік факторлардың жағымсыз әсерлерін ескере отырып, ол әсерлерді жоюға жолын іздеуге, олардың өзін-өзі анықтауына, өмірді өз орнын таба білуге бағытталған мемлекеттің мақсатты қызметі. Әлеуметтік қорғау-бұл әлеуметтік – экономикалық, құқықтық категория ғылыми әдебиеттерде ол мәселе кең мағынада қарастырылады.

Әлеуметтік қорғау 4 бағытта қарастырылады:

1. Тұлғаның дамуы мен қалыптасу процесін әлеуметтік қорғау
2. Тұлғаның даму мен қалыптасу ортасын әлеуметтік қорғау
3. Адам құқығын қорғау
4. Мақсатты әлеуметтік қорғау

II Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагог жұмысын ұйымдастыру

Білім беру мекемелерінде әлеуметтік педагог мамандығының енгізілуі, бүгінгі таңдағы оқушылардың қоғамға, әлеуметтік ортаға бейімделуі, әлеуметтенудегі қиыншылықтар оның тұлғалық қасиеттерін зерттеуге зерттеу нәтижесінде түзету жұмыстарын жүргізуге, өмірдің қиын жағдайынан шыға білуге ықпал ету қажеттігінен туындап отыр. Әлеуметтік педагог балалардың әлеуметтік тәрбиесін ұйымдастырушы және әлеуметтану процесінің жоспарлы және мақсатты түрде өтуіне жағдай жасайтын маман.

«Тұлға-отбасы-қоғам» жүйесінің өзара әрекеттесу жүйесінің үйлестірушісі бола отырып, қоғамда, отбасыда, микросоциумда ізгілікті қарым-қатынасқа тәрбиелеуге әсер етеді. Әлеуметтік педагог жұмысының негізгі қызметінің бірі оқушының ұтымды әлеуметтенуіне әсер ететін баланың кіші ортасын ұйымдастыруға, қалыптастыруға әсер ету. Бұл жұмыс мамандық қана емес, сонымен қатар бұл біз қол ұшын беретін, адами проблемаларын бірге шешетін, проблемаларды тиімді, дұрыс шешуге жолдарын табатын адамдар. Осындай жауапты жұмысты атқара отырып, біз оның табысына барлық қоғам мүдделі екенін есте ұстауымыз керек.

Елімізде әлеуметтік жұмыстың кәсіптік деңгейге көтерілуі-маңызды мәселе. Бұл мамандықтың болашағына, мемлекеттің әлеуметтік саясатының жастар саясатының өзекті проблемаларының шешілуіне кадрлар сапасының тигізер әсері мол.

Жалпы білім беретін мектептердегі әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс әлеуметтік педагогтар білім беру мекемелерінде қолайлы орта құруға, оқушының, педагогтардың тұлғалық мәселесін шешуге әлеуметтік орта мен бала арасында кең байланыс жасауға мамандалады.

Балларды әлеуметтік – педагогикалық қолдау – баламен бірге оның өзіндік көзқарасын, мақсатын, мүмкіндігін анықтау үшін және қоғамда қалыпты өмір сүруге кері ықпал кедергілерді жою үшін жолын анықтау. Өмір сүруіне, қарым-қатынасына, өзін-өзі тәрбиелеуіне, алдына қойған мақсатына жету және адамгершілік қасиетін сақтап қалуына көмектесу.

Әлеуметтік педагогты әлеуметтік қызметкердің бір түрі деп санау қателік болар еді. Оның қызметінің негізгі сферасы социум – әлеумет. Негізгі басымдық бала мен отбасы, бала мен тұрғылықты жеріндегі жақын ортасының арасындағы қарым-қатынасын зерттеуіне беріледі. Әлеуметтік педагог балалармен, оның отбасымен көршілік ортасымен жұмыс жасайды.

Оның қызметінің мақсаты-социумда балалар мен ересектердің әлеуметтік маңызы бар, профилактикалық қызметін ұйымдастыру, баланың дамуын, білім алуын әлеуметтік қолдау.

Әлеуметтік педагог біріншіден, мүмкіндігінше проблеманың алдын-алуға тырысады, проблеманы тудыратын себептерді анықтай және уақытында оны жойып отыру, адам бойындағы олардың қарым-қатынасындағы әртүрлі ауытқушылардың алдын-алып, отыру, осы арқылы қоршаған әлеуметтік ортаны сауықтырып отырады. Әлеуметтік қызметкер проблеманың алдын-алумен емес, проблеманың өзімен жұмыс

жасайды(алкоголизм, нашақорлық, әлеуметтік депрессия, қаңғыбастық, ауру, өзін-өзі қызмет ете алмаушылармен, мүгедектермен, стихиялық зіл-зала, көші-қонмен, жанының күйзелуі әлеуметтік бейімделу) арнайы көмектің түрін, арнайы мамандандуды қажет ететін (қарт адаммен жұмыс, босқындармен, әлеуметтік риск тобына жататын адамдармен жұмыс) Сонымен қатар ол арнайы жас ерекшеліктері бойынша топтардың (балалар, жасөспірімдер, жастар, қарттар) мекемелердің, микроорталықтың ерекше сфераларының (ауыл-әскери бөлім) әлеуметтік проблемаларын шешуге мамандануы да мүмкін.

Әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік педагогтың кәсіптік қызметтерінің жұмыстарының түрі мен әдістемесі бір-бірімен қиылысып жатқанымен әр маманның өзіндік айырмашылықтары бар. Дегенмен әлеуметтік қызметкер жұмысының нәтижелілігі әлеуметтік педагогтың жұмысымен тығыз байланысты, тиісінше әлеуметтік педагог жұмысының нәтижелілігі де әлеуметтік қызметкердің қорытындысынсыз жоққа шығар еді. Әлеуметтік педагог бірінші кезекте тұлға мен отбасы қорғауға арналған мемлекеттік – қоғамдық әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдар арасын байланыстырушы буын. Әлеуметтік педагог – өсіп келе жатқан тұлғаның мүддесін, заңдық құқын қорғаушы. Әлеуметтік педагог-сырттан бақылаушы емес, ол балалар мен ересектердің бірлескен қызметінің тікелей қатысушысы, сонымен қатар – бұл қызметтің жетекші ұйымдастырушысы. Оның барлық күш жігері адамды әрекетке, әлеуметтік инициативаға қиын жағдайдан шығу жолын іздеуге оятуға бағытталады, адамдардың проблемасын өздері шеше алуына көмектеседі. Әлеуметтік педагогты рухани жетекші, тәлімгер десек те болады, себебі ол жылдар бойы баламен, оның отбасымен жұмыс жүргізеді, әлеуметтік, жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен бірге ол әлеуметтік терапевт-өзінің қамқорлығындағы адамдардың кикілжіңжі жағдайын шешуге, соған сәйкес мамандарға көрінуіне көмектеседі. Әлеуметтік педагог әрқашан өзінің клиентінің құқын қорғайды, «әлеуметтік диагноз» қоюда эксперт ретінде қатыса алады.

Кәсіптік-білімділік (теориялық) құзырлық немен өлшенеді:

а) Әлеуметтік педагогиканың теориясы мен тарихын білумен;

ә) Баланың тұлғалық қасиеттерін зертейтін, оның физикалық, рухани және әлеуметтік дамуын, мінез-құлқының қалыпты және ауытқушылығын зерттейтін жас ерекшеліктері психологиясын білумен.

б) Адамдардың бірлестіктері және топтарын (отбасы, шағын топ, мектеп ұжымы, құрбы-құрдас ұжымы) зерттейтін социологияны білумен.

Кәсіптік-әрекеттік құзырлығы немен өлшенеді:

а) коммуникативтік құзырлығы жоғары болуы тиіс (латын тілінен аударғанда «байланысамын», «қарым-қатынас жасаймын», «бірге жасаймын», басқа сөзбен айтқанда қарым-қатынасқа мән беремін деген мағынаны білдіреді.) әлеуметтік педагогтың коммуникативтік қабілеті оның балаға,әріптестеріне, ата-аналарға әсер ету шеберлігінен көрінеді.

ә) эмпатикалық құзырлығы-басқа адамның эмоционалдық жағдайын түсіну, оның уайымына, ішкі сезіміне ене білуінен көрінеді.

Бұл жерде әлеуметтік педагогтың баланың проблемаларына көңіл бөле алу, оның эмоциялық жағдайын сезімін, қиын шақтарын түсіне алу қабілеті туралы айтып отыр.

Осыдан барып оның өзін бала орнына қоя білу, дүниені оның көзімен көре білу мүмкіндігі көрінеді. Сонымен қатар әлеуметтік педагог оқушыға ересек адам оны көріп, тыңдап түсінетіні жайлы білдіре алуы тиіс. Бұл түсініктің өзіне алдағы іс әрекетті болжау, айтылған әңгімелердің ішінен негізгі және жанама факторларды, аргументтерді анықтау мүмкіндігіне жол ашады. Тек осы жағдайда тәрбиеленушінің сеніміне, педагогикалық қарым-қатынаста баланың белсенділігіне үміт арта алады.

Бойлауды, іс-әрекетті оңтайландыра алу құзырлығы-проблеманы шешудің бір емес, бірнеше жолын таба білу қабілеті. Себебі әлеуметтік педагог баланың және жасөспірімдердің тобына және қиын балалармен олардың ата-аналарымен қарым-қатынасының өзгермелі жағдайларына тез бейімделуі қажет сонымен қатар әлеуметтік педагог баланың жас ерекшелігіне, жеке мінезіне және білімділік деңгейіне байланысты қарым-қатынас құралын, түрін, әдістерін өзгертіп отыруы қажет. Баламалы әр түрлі байланыс процестерінде тез, оңтайлы шешім қабылдай білу жағдайында қабілеті үлкен маңызға ие болады, себебі кез-келген әлеуметтік педагогикалық шешуі ол тұлғаға бағытталған процес болғандықтан әлеуметтік педагогика дайын шаблондардың, рецептерден, стандартан бас тарту қажет. Әлеуметтік педагогтың ойлауды және әрекетті оңтайландыра алуы кәсіптік міндеттерді шешуде үлкен рөл атқарады. Әлеуметтік педагогпен байланыста болатын әрбір баланың ашылмай жүрген шығармашылық мүмкіндігі болады, бұл жерде әлеуметтік педагогтың міндеті баланың осы мүмкіндігінің ашылуына, өзінің жақсы қасиеттеріне назар аударуына, сенуіне көмектесу.

Кәсіптік-тұлғалық құзырлығы:

Бұл мамандықты таңдаған адамның ерекше тұлғалы сапасы болу керек. Әлеуметтік педагог қызметі ол адамдар арасындағы сенімділік зонасы, олардың өзара түсінушілігі, өзара көмек, өзара жауапкершілік жолы. Әлеуметтік педагогтың кәсіптік –тұлғалық жарамдылығын анықтайтын сапа:

- а) адамгершілік-өзінің түсінушілігін, ол көз қарасын басқа адамды қолдай алатындығын көрсете алу.
- ә) сыпайылық-әдептілік, басқа адамдармен қарым-қатынаста сыпайы болу.
- б) аутентілік-адамдармен қарым-қатынаста шынайы болу, адал болу, ортамен байланыста өзімен - өзі болу.
- в) ашықтық-басқа адамға ішкі дүниені аша білу, адал болу, өзінің сезімі мен ойын айта білу.
- г) нақтылық-жалпылама пікір айтуда бас тарту, сұраққа жауап бере алу.
- д) «Осы жерде және қазір» жағдайында сөйлей алу-және әрекет алу, адам туралы, оның жағдайы туралы нақты білу және оны көрсете білу.

Әлеуметтік педагогты тұлғалық және кәсіби қасиеттері бойынша топтастырып көрелік.

Адамгершілік қасиеттері.	Педагогикалық мінездеме.	Психологиялық зерттеу қасиеттері	Психологиялық педагогикалық қасиеттері
Мейірімділік	Естесактау. Ойлау.	Өзін - өзі	Қарым-қатынаста
Басқаның қамын	Елестету.	Қадағалау	Орната білу,
Ойлау.	Қабылдау. Психологиялық	өзін-өзі бақылау,	Сыртқы
Намыс сезімі.	Жағдайларға назар	өз-өзіне сын көзбен	Тартымдылық,
Шынайылық	Аудару, шаршау	Қарау, өз-өзін	Ұнай білу,
Адалдық.	Күйзеліс	Бағалау, өз	Табиғилық,
Әділеттілік.	Мазасыздықты жеңе	Өз бетімен білім	Басқаның көзімен
Сыпайылық.	білу.	Алу, өзіне сену,	Көре білу, түсіну
Ашықтық.	Өз еркің	Өз мәселесін	Шешендік, сендіре
	Жұмылдыра білу,	Шеше алу.	Білу т.б.
	Табандылық т.б.		

Бұл мамандықтың иесі гуманист, діни рухани және жалпы мәдениеті бар педагог болуы тиіс, педагог және әлеуметтік қызметкер бола білу, баланың білім алуына, тәрбиесіне дамуына байланысты оны қорғауда өзінің белсенді роль атқаратынын түсіне алу тиіс, тұрақты адамгершілік қағидасы ұстанымы болуы тиіс.

Әлеуметтік педагог



Әлеуметтік педагог қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар.

Әлеуметтік педагог өз жұмысында: ҚР Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, БҰҰ «Бала құқығы туралы» Конвенциясын, ҚР «Бала құқығы туралы» Заңына, ҚР «Неке және Отбасы туралы» Заңын, ҚР «Даму мүмкіндігі шектеулі қолдау туралы» Заңын, «Әлеуметтік педагог» Ережесін және басқа да білім беру мәселесі жөніндегі нормативтік-құқықтық актілерді білуі тиіс.

Егеменді мемлекеттің басты проблемаларының бірі бала құқын қамтамасыз ету, себебі мемлекеттің өміршеңдігі болашағы балаларға байланысты. Бұл проблема көптеген мемлекеттерде қиын шешілетін мәселенің бірі болып саналады, сондықтан ол өркениетті, халықаралық сипат алып отыр.

Бүгінгі таңда халықаралық-құқықтың бала құқын қорғау бойынша құрылым құрылып және жұмыс жасауда.

Халықаралық бала құқын қорғау деп-баланың үйлесімді және жан-жақты дамуы үшін және оны мемлекеттік заң шығару деңгейіне көтеруге дейін әсер ететін және нашар дамыған мемлекеттердің балаларыны көмек көрсететін мемлекет халықаралық ұйымдастырылып өзара келісімге келген жүйені айтуға болады.

1989 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясына бала құқығының дүние жүзілік Конституциялық Бала құқы туралы Конвенция қабылданды. Өркениетті адамзат бұл құжатты қабылдауға дейін бірнеше құжаттар қабылдаған болатын. 1948 ж. БҰҰ Бас Ассамблеясына бала құқы туралы Женева декларациясы, 1959 ж. Бала құқы туралы Декларациясы, БҰҰ Конвенциясы заңдық құжат ретінде Декларация Ережелерін одан әрі тереңдетеді. Оны қабылдаған мемлекеттерге балаға қатысты әрекеттері үшін құқықтық жауапкершілік артып, заңдық кепілдемелер мен нормалардың жетілген түрін ұсынады.

Конвенцияның мақсаты- бала мүддесін, қызығушылығын барынша қорғау. Конвенция негізгі төрт талап қояды, ол бала құқын қорғауды қамтамасыз етуі тиіс. Өміршеңділік, баланың дамуы, баланы қорғау және қоғам өміріне белсенді қатысуды қамтамасыз ету.

Конвенция-бұл жоғары әлеуметтік-адамгершілік қасиеттерді уағыздайтын құжат. Ол баланы бүкіл адамзаттың бір бөлігі ретінде қабылдауға, баланың жалпы адамзаттық құндылық пен тұлғалық дамуын қамтамасыз етуге, оның ешбір себептері мен мотивтеріне қарамастан дискриминацияламауға негізделген.

Конвенция бала мүддесін мемлекет мүддесінен жоғары қоюмен қатар, әлеуметтік депривацияланған (әлеуметтік әлсіз топ, қорғалмаған) балалар тобына айрықша қамқорлық жасауды талап етеді; жетім, мүгедек, босқындар, құқық бұзушылық балалар.

Конвенция-жоғарғы халықаралық стандартты иемденген құқықтық құжат. Ол баланы өзіндік дербес субъект ретінде жариялап, Конвенцияны қабылдаған мемлекеттерге ұлттық заңдарын Конвенция негізінде қабылдауды талап етеді. Бала құқының әртүрлі аспектілері бойынша-анықтап, мемлекеттің құқықтық нормаларын белгілеп, арнайы бақылау механизмін БҰҰ Бала құқын қорғау бойынша Комитеті құрылып, оған жоғары дербестік, өкілеттік берілген.

Конвенция-жоғары, биік педагогикалық мағынасы бар құжат. Балаға ересектер ата-аналар және педагог тарапынан авторитарлықпен қарау барлық мемлекеттерге бар. Конвенция балалар мен ересектерді қарым-қатынасты өзгеше адамгершілік-құқықтық және педагогикалық негізде құруын уағыздайды. Баланың ойына, көзқарасына, тұлғасына силастықпен, түсінушілікпен қарау тек жалпы адамзаттық мәдениет нормасы емес, құқықтық норма да болуы қажет дейді. Соған байланысты әлеуметтік педагогика талап етушілік педагогикасын-тұлғаралық педагогикасына құндылық бағдарды өзгертуге тиіс педагогика саласы.

Конвенция бала құқы туралы бүкіл мемлекеттерге қабылданған, ратификацияланған құжат. Қазақстан Республикасы бұл құжатты 1994 жылы қабылдады. Конвенция бала құқы мен мүддесіне байланысты базалық құжатқа айналады. ҚР-ның Конституциясы (30 тамыз 1995 ж.) ҚР «Неке және Отбасы» туралы Заңы (17.12.1998 ж.) Қазақстан Республикасының даму мүмкіншіліктері шектеулі балаларды әлеуметтік медицина-педагогикалық, корекциялық қолдау (11.07.2002 ж) туралы Заңы, ҚР-ның «Бала құқы туралы» (8.08.2000 ж), ҚР Заңы және т.б. заңдары Конвенция негізінде қабылданды. Отандық тәжірибеде алғаш рет бала арнайы қамқорлықты қажет ететін субъект ретінде ғана емес, адамға қажет барлық құқықтары бар субъект ретінде қарастырылады.

Әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудағы шетелдік тәжірибелер

Кейінгі кезде батыс педагогтары әлеуметтік жұмысты үлкен мәселе ретінде жиі көтеріп жүр. Әлеуметтік педагогика педагогиканың бір саласы ретінде әлеуметтік факторлардың тәрбие мен білімге және керісінше педагогикалық тәжірибенің қоғам дамуына әсерін қарастырады. Педагогика әлеуметтік жұмысты ұйымдастырудың негізі болғандықтан қоғам туралы, топтардағы адамдардың қарым-қатынасы туралы білім беру жолдары және жеке адамның өзін өзі қорғауды дамыту жұмыстары педагогикалық әдістерді пайдалану арқылы шешіледі. Шет елде ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында әлеуметтік жұмыс кәсіптік әрекет ретінде қалыптаса бастады.

Шетелдік тәжірибелер мен таныса келе төмендегідей әдістерді бөліп қарауға болады.

1. Тарихи әдіс – қайырымдылық істердің пайда болуы мен дамуын салыстыра отырып, кәсіптік әлеуметтік жұмыстың қашан пайда болғанын анықтауға мүмкіндік беретін әдіс.
2. Салыстырмалы әдіс – салыстыратын объектілерді бөліп қарауға мүмкіндік беретін әдіс. Осы әдістің көмегімен басқа мемлекеттердің қоғамдық – саяси және әлеуметтік – экономикалық дамуын салыстыруға болады.
3. Жүйелі талдау әдісі-шет елдік әлеуметтік жұмыспен бір тұтас жүйе ретінде (объектінің, субъектінің, мазмұнын, құралдарын, басқаруын, функциялары мен мақсатын) танысуға мүмкіндік береді.

Шетелдік тәжірибелермен танысу барысында бұл бағытта ұйымдастырылатын төмендегідей жұмыс формалары анықталды:

- халықаралық конференция;
- коллоквиум мен семинарлар;
- семинар;
- іс сапар;
- шет елдердегі әлеуметтік оқу орындары мен әлеуметтік қызмет орындарында қызмет жасау және білім алу;
- бірге кітап, оқулық, оқу-әдістемелік құрал, брошюра шығару.

Әлеуметтік жұмыс бірнеше бағытта балаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелермен үйлерінен қашып кетіп, үйсіз жүрген балалармен, әлеуметтік қызметкерлердің мектеппен жұмысы және ақыл – есі артта қалған балаларға психиатриялық ауруханаларда қызмет көрсету сияқты бағытта жұмыс жүргізіледі.

1. Балаларға әлеуметтік көмек көрсететін мекемелердің (жағдайы нашар отбасы балаларына тегін) жұмыс мазмұнына:

- ата-аналарға кәсіби білім беретін және жұмысқа орналасу үшін көмек көрсететін арнаулы топтар;
- күндіз және кешке жұмыс жасайтын ата-аналардың балаларын қорғауға көмектесу;
- қалалық орталық денсаулық орталығында күйеуі жоқ аналарға қызмет көрсету;
- зорлық-зомбылық көретін балаларды қорғау қызметін құру;
- балалар үйін құру және тексеру
- бала асырап алған отбасылармен жұмыс;
- баланың жаңа отбасына үйренуін бақылау;
- балалардың білім алуына көмектесетін әлеуметтік қызмет жұмысын жандандыру;
- ата – аналарға үй шаруашылығын жүргізуде көмек көрсету;
- жетім балаларды асырап алуға көмектесу;
- төтенше жағдайда отбасының жағдайына қарамастан көмек көрсету кіреді.

2. Ақыл – есі артта қалған балаларға психиатриялық ауруханаларда қызмет көрсету жұмысының мазмұнына:

- интернат – үйлеріндегі балаларға қызмет көрсету;
- арнаулы стационарлар мен диспансерлерде әлеуметтік жұмысты ұйымдастыру жатады;

3. Үйлерінен қашып кетіп, үйсіз жүрген балалармен жүргізілетін жұмыс мазмұнына:

- балаларға арналған жатаханалар мен баспаналар бар
- жеке және топтық кеңестер өткізіледі;
- балаларын қайтадан үйге қайтару мақсатында ата-аналармен әңгімелесу;
- қайтадан балаларымен қосылған ата-аналармен жұмыс;
- үйінен қашқан жас балалар үшін ақысыз «сенім телефондарының» қызмет көрсетуі жатады.

4. Әлеуметтік қызметкерлердің мектептегі жұмысының мазмұны:

- жеке топпен, отбасымен жұмыс;
- мектеп қызметкерлерімен және мұғалімдермен бірлесе жұмыс жасау, профилактикалық жұмыстар мен кеңестер беру;
- әлеуметтік қамсыздандыру және қайырымдылық мекемелерімен жұмыс ұйымдастыру;
- ережелер мен заңдарды өзгерту қажет болса араласу, мектепте бұндай жұмыстарды ұйымдастыратын қызметкерлердің жеке адамның дамуы, психотерапия әдістемесі, әлеуметтендіру саясаты, саяси ағым, әлеуметтік жұмысты ғылыми – зерттеу және бағалау облысынан білімі болуы керек.

Енді кейбір мемлекеттерге жеке тоқтала кетейік:

ХІХ ғасырда Германияда индустрияның дамуына байланысты, халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлап, мемлекет тараптарынан әлеуметтік қамсыздандыруды пайдалана бастады. Осы кезде әлеуметтік жұмысты жүргізуге мамандар қажет болғандықтан, 1905 жылы алғашқы христиандық әйелдер мектебі ашылды. Кейінгі 4 жылда осындай 13 мектеп ашылып, буржуазиялық отбасының қыздары қайырымдылық мекемелерінің мамандары етіп даярланды. 1920 жылы пруссиялық халықты қамсыздандыру министрлігінің қайта құрылуына байланысты әлеуметтік қызметкерлерді даярлау жұмысы мемлекет тарапынан реттелініп, 2-ші Ұлы Отан соғысына дейін жұмыс жасады. ФРГ – да әлеуметтік жұмыс пен әлеуметтік педагогиканы бөлек қарайды. Әлеуметтік жұмысқа адамдарға көмектесу, күту, қамқор болу жатса, әлеуметтік педагогика мектептен тыс уақытта адамдарға білім беру мен оларды тәрбиелеу жұмысымен айналысады.

Швецарияда көптеген зерттеуші педагогтар тәрбие әдістері мен тәсілдерін ашқан.

- 1) Педагогикалық әсер ету – аталған әдісті пайдалана отырып, әлеуметтік жұмысшылар көмек көрсетіп отырған адамдар өмірлерінде кездескен қиыншылықтарды өз беттерінше шешуге мүмкіндік беріп жағдай туғызады.
- 2) Психологиялық және практикалық тұрғыдан кешенді әсер ету. Әлеуметтік педагог пен әлеуметтік қызметкер тәрбиеленушімен біріге отырып жұмыс жүргізеді.
- 3) Тәрбие әдістерін кешенді пайдалану арқылы тәрбиеленушінің әлеуметтік проблемалары өз бетінше шешуге жағдай туғызады.

Финляндияда 9 жастан бастап міндетті білім беру жұмысы іске асырылады. Бұл жұмыс жалпы білімнің негізі болып саналады. Міндетті білімнің мақсаты – жауапкершілігі бар, шығармашыл, толыққанды, бейбітшіл азамат өсіріп, тәрбиелеу. Финляндиядағы негізгі принцип – бала тәрбиесі үшін әрбір отбасы жауапты. Мектеп ұжымы ата-аналардың білімін кәтеруге мақсатында арнайы жұмыс жүргізбегенмен, кейбір жұмыс түрлері ұйымдастырылады:

- тоқсанына бір рет ата-аналармен әңгіме өткізу;
- лагерьдің жұмысына ата-аналарды қатастыру;
- жұмыс орындарына бару т.б.

Бастауыш сыныптарда және 7-9 сыныптарда әлеуметтік жұмыс жүргізетін студент – практиканттар болады. Олар 1 жылдық мұғалім дайындайтын курста және әлеуметтік қызметкерлерді дайындайтын курста оқып білім алады. Қазіргі таңда педагогикалық білім жоқ студенттерді оқытатын 5 жылдық университет жұмыс жасайды.


Австрия дамып келе жатқан мемлекет болғандықтан, балалар мен көптеген отбасылар өздігінен шеше алмайтын қиындықтарға кездеседі:

- кедейлік;

- жұмыссыздық;
- аштық;
- денсаулығының нашар болуы;
- санитарлық жағдайдың нашар болуы;
- бір үйде көп адамның тұруы немесе мүлдем баспананың жоқтығы;
- өлім мен аурудың көп болуы;
- балалардың ерте жастан еңбек етуі;

Бұл мәселені шешу үшін әлеуметтік қызмет көрсететін мекемелер мен ұйымдар бірлесе отырып жұмыс жасау керек, өкінішке орай Австрияда бұл жұмыс артта қалған. 1960 жылдың аяғында **Норвегияда** негізіне 7 және 9 жылдық жаңа мемлекеттер пайда болды. Мұғалімдік білімі бар қызметкерлер арнайы бір жылдық курстан өткеннен кейін ғана жаңа мектептерде жұмыс жасай алатын болды. Жаңа мектепте әр мұғалім 200 немесе 300 оқушымен жұмыс жасауға тиісті болды, бұл білім сапасын көтергенімен, нақты бір сала бойынша ғана білім берілді. Қазіргі таңда Норвегия мен скандинавиялық мемлекеттердің социологтары норвегиялық және скандинавияаралық жаңа «Болашақтың альтернативтік жобасы» бағдарламасын жасады. Жобаның негізгі идеясы – қажетті дамуға дейін жағдай жасау, болашақтың сценарийін жазу, ал жобаның маңыздылығы: экологиялық қолдау, әлемдік әділеттілік және әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын деңгейге жету.

Ата анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіру
Схема түрінде:



**СУРЕТ 2 ЖЕТІМ БАЛАЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУДІҢ НЕГІЗГІ
ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ**



Әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері:

- Оқушылардың жеке психо-медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттейді.
- Баланы әлеуметтік ортаға бейімдеу, жеке тұлға ретінде дамыту.
- Оқушының микроорталығын, өмір сүру жағдайларыны зерттейді.
- Оқушының қажеттілігі мен қызығушылығын байқайды, баланың жеке және әлеуметтік қиыншылығын анықтау және өз құзырлығы бойынша шешу.
- Оқушының қиындығы мен проблемаларына, тәртібіндегі ауытқулары кезеңінде тез арада әлеуметтік көмек және қолдау көрсетеді, құқық бұзушылығы бойынша алдын - алу жұмыстарын жүргізеді;
- әлеуметтік –педагогикалық диагностика, әдістемесін анықтайды;
- Патронат бойынша тұрғын үй, зейнет ақы беру, жетім балалар мен ата-ана қамқорлығынсыз қалған баланың мүліктік және мүліктік емес құқы бойынша жұмыс жүргізеді;
- Сабақтан тыс уақытта оқушының физикалық және дарындылық талантын дамытуға жағдайлар жасайды;
- Баланың мемлекетпен, қоғаммен, ұжыммен және әлеуметтік қызметкермен байланысын ұйымдастыру;
- Мұғалімдермен, ата-аналар мен немесе оларды ауыстыратын адамдармен бірлесіп, тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды;
- Білім беру ұйымдарының білім бағдарламаларын құрастыруға, бекітуге, оны жүзеге асыруға қатысады және өзінің құзіреттілігі бойынша олардың орындалуына жауап береді;

Оқушы тұлғасын әлеуметтендіруге мектептің әлеуметтік педагогы мен педагог-психологының бірлескен жұмыстары.

Бүгінгі мектеп психологтары мен әлеуметтік педагогтардың алдында үлкен де, күрделі міндеттер тұр, оны шешу үшін кәсіби білім мен шеберлікті меңгеру керек. Өкінішке орай, қазіргі уақытта мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың оқыту мен тәрбие процесі барысында кездесетін қиыншылықтары да баршылық. Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудегі мектеп психологы, әлеуметтік педагогтың рөлі ерекше деп атауға болады. Өйткені олардың бірігіп атқарған жұмысының нәтижесінде болашақ жеке адамның дұрыс, жан-жақты жетік қалыптасуына кең жол ашылады. Баланың интеллектуалдық, шығармашылық, әлеуметтік қалыптасуына негіз беріледі. Білім беру мекемелерінде педагог-психолог келесі бағыттағы жұмыстарды қамтуы тиіс:

- Психодиагностика-тұлға туралы жан-жақты ақпарат жинау;
- Психопрофилактика-дезадаптация, белгілі бір жағдайда бейімделудің алдын алу немесе жағымды психологиялық жағдайды жасау, баланың психологиялық

жұмысбастылық деңгейін төмендету мен оның алдын-алу жұмыстарын жүзеге асыру.

- Психокоррекция – баланың психикасына мақсатты түрде әсер ету, оның негізгі деңгейге, әрі жастық ерекшелігіне сәйкес теңестірушілік жұмыстарын жүзеге асыру.
- Психологиялық кеңестер ұстаздарға, ата-аналарға, оқушыларға қажетті психологиялық ақпараттар бере отырып, өмірінде кездесетін қиыншылықтарды, өтпелі кезеңдерді (жастық дағдарысты) женуге, әрі сапалы нәтижеге жетуіне ықпал ету.
- Психотерапия- тұлғаның сапалы тұрғыдан өзгеруіне байланысты мәселелерді жүзеге ауысуға бағытталады, тек адамның психикалық ауытқушылығы болмаған жағдайда. Бұл жұмыстарды оқу тәрбие процесі барысында мектеп психологі оқушылармен, ұстаздармен, ата-аналармен біріге отырып жүзеге асырады. Жалпы барлық жоспарға сәйкес жүзеге асырылған жұмыстар оқушылар, ата-аналар мен мектеп ұстаздары назарына ұсынылып, талқыланып отырылуы қажет.

Әлеуметтік педагог келесі бағыттағы жұмыстарды қамту тиіс:

- Диагностикалық қызметі;
- Өз құзырлығы шеңберінде көмекті қажет ететін балаларды әлеуметтік қорғау;
- Кәмелетке толмағандардың, ата-аналардың құқықтық тәрбиесін ұйымдастру;
- «Ерекше назарлығы» оқушылармен, ата-аналармен жеке жұмыс;
- Сынып жетекшілері, медицина қызметкерлері, мектептің басқа да қызметкерлерімен, ата-аналар комитетімен, құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесімен, оқушылардың өзін-өзі басқару органымен, кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі комиссиямен, қоғамдық ұйымдармен өзара қарым-қатынасты үйлестіру.

Осыған орай мектептің психологы мен әлеуметтік педагогы оқушылар, ұстаздар, ата-аналар арасында төмендегідей біріккен жұмыстарды атқаруына болады:

Әлеуметтік педагог пен психологтың біріккен жұмыстары:

1. Әлеуметтік-психологиялық ағарту шаралары. Дәріс, семинар түрлеріндегі ақпараттық іс-шаралар. Дәріс мазмұны нақты мысалдарды бейнелейтін көрнекіліктермен, осы заманғы озық техника мүмкіндіктерін пайдаланумен байытылып отыруы керек, тақырыптық қана дәріс оқылмай, ата-аналардың ынта-ықыласын тудыратындай, тәрбие мәселесін барынша жауапкершілікпен қарауын қалыптастыратындай бірнеше шаралардан тұрғаны жөн. Дәріс тақырыптарын ата-аналардың сұраныстарына қарай тандап, мәселелерді бір-бірімен байланыстырып, тізбектік сипатта берген дұрыс,

2. Психологиялық кеңестер жеке сипат алуы керек. Нақты мәселе бойынша берілер кеңестер аса биязы, алдындағы адамның жүрегін жараламайтындай, көңіліне қаяу салмайтындай, мәселенің шешілуіне сендіре білдіру, үміт отын жағу арқылы кәсіби білікті түрде жүзеге асырылуы тиіс. Психологиялық кеңестің сенімді райда өтуі оң нәтиже береді.

3 «Ашық әңгіме» пікірталасы – ортақ мақсат біріктірген ата-аналардың көңіліндегі түйіткілерін ортаға салып, бір-бірімен пікір алмасуы. Психолог пән әлеуметтік педагогтың тұжырымын басшылыққа алу нәтижесінде бала өмірін ұйымдастыруда оң нәтижелер берер шараларды қолдануды іске асырады. Мұнда ескертетін жайт ата-аналардың өздерінің рұқсат-келісімінсіз деректі сыртқа шығаруға, жариялауға болмайды.

4. Психогимнастика - бұл баланың көңіл-күй ахуалын реттеуге арналған арнайы жаттығулар кешені.

Негізгі мақсаты – қарым-қатынас барысындағы кедергілерді жеңу, өзін және басқаларды түсіне білуіне жетілдіру, өзін-өзі танта білу мүмкіндіктерін жасау.

5. Психотренинг – бұл да қолданбалы психология ғылымының белсенді әдістерінің бірі. Басты мақсаты – қарым-қатынас іскерлігін дамытуға, сезімталдықты жетілдіруге және мінез-құлық реттеуге бағытталған.

Әлеуметтік педагог пен психологтың бірлесіп шешетін проблемаларына мына мәселелерді жатқызуға болады:

- Оқушылардың мектепке келмеуі;
- Оқушы тәрбиесіндегі, мінезіндегі ауытқышулығы;
- Баланың құрбыларымен қарым-қатынасындағы қиыншылықтар;
- Мұғалім мен оқушы арасындағы дау-дамай , кикілжінді шешуге көмек беру;
- Білім алудағы қиыншылықтарды жеңуге оқуларға көмек;
- Оқушының болашақ кәсібін таңдауына көмек беру;
- 1-сынып оқушысымен мектептік өмірге бейімдеу;
- Ата-аналарға отбасындағы тәрбиені ұйымдастыруға көмектесу;
- Баланың тұлғалық қалыптасуы мен дамуына көмектесу;
- Ата-ана мен бала арасындағы жағымды тұлға аралық қарым-қатынасты қалыптастыруға көмек беру;

VIII. Әлеуметтік – педагогикалық диагностика

Оқушының әлеуметтік мәдениетінің кейбір қырларын ашуға «аяқталмаған сөйлем» әдісін пайдалануға болады. Ол баланың тұлға ретінде дамуы мен қалыптасуы әсер ететін басты сенімін анықтауға көмектеседі. Әлеуметтік педагог (немесе сынып жетекшісі) оқушылардың өз түсініктері бойынша келесі сөйлемдерді аяқтауды ұсынады:

1. Отбасы- дегеніміз...
2. Жұмыс-дегеніміз...
3. Білім алу-дегеніміз...
4. Ақша-бұл...

5. Адамның жағымды қасиеттері-дегеніміз...
6. Ата-ана- бұл...
7. Жақын достар- бұл...
8. Өмірдегі жетістік-дегеніміз...
9. Біздің мектеп-бұл...
10. мен мұғалыммен сөйлескен кезімде....
11. Біздің сынын өміріндегі ең басты мәселе....
12. Мен үшін ең қиыны...
13. Біздің сыныпта жанжал туындаған жағдайда...
14. Біздің сыныпта әртүрлі іс-шараларға дайындалған кезде , біз-...
15. Менің сабақтағы көзқарасың-...
16. Менің достарымның басым бөлігі-...
17. Менепте болмаған кезде менің ойлайтыным-...
18. Біздің мектепте көбіне-...

Бұл әдіс оқушылардың осы өзекті мәселелер бойынша көзқарасын анықтауға көмектеседі.

Сыныптағы оқушының әлеуметтену картасы:

	1	2	3	4	5	6	7	
Оқушының аты-жөні	Әлеуметтік (социум)	Отбасы	Қиын кезде	Кедергі	Дос	Ересек адам	Таңдау	
							Бізді	Біз
Асанов Марат								
Тоқмырзаев Қайрат								
Жайлауова Сәуле								

Сынып жетекшісі 8 пунктта көрсетілген ақпараттарды алу үшін төмендегі көрсетілген сұрақтарға оқушылардан жауап алады:

Сен үшін өміріндегі басты нәрселер не деп ойлайсың, төмендегі сөздерден маңыздылығына қарай нөмірлеп белгілеп шық:

1. білім алу;
2. ауладағы ойын мен қарым қатынас жасайтын достар;
3. сенің отбасың;

4. мектеп;
5. үйірмелер мен секциялар;

II. Отбасы мүшелерін атап шық;

.....

Отбасы мүшелерінің ішінде сенімен жақсы, сенімді қарым-қатынастағы адамның қасына 4 белгісін қойып шық. (Белгі жүйесінің кез-келген түрін алса болады, бірақ мектептегі барлық мұғалімдер баланың промлемасын анықтауда бір- бірін жақсы түсіну үшін бірдей белгіні алғаны тиімдірек болады)

Отбасы мүшелерінің ішінде жиі егесін, жанжалдасып қалатын адамның қасына белгісін қойып шық.

Сені қатты ренжітіп, ұратын отбасы мүшесінің қасына – белгісін шық.

3. Қиналған шақтарында, проблема болған болған кезге кімге ақыл сұрап, көмек сұрайсың? Кім ол?
4. Саған көбіне кедергі келтіретін не деп ойласың?.....

5. Нағыз досың кім?.....
6. Ересек адамның ішінен сен өз проблемаңа байланысты кімнен көмек күтесін, кім сені тыңдап, түсініп, көмектеседі?.....
7. Сыныптағы сен құрметпен үш досыңды атап шық. (ер бала немесе қыз бала да мейлі)
8. Төмендегі биылғы жылы өтетін пәндердің тізімін көріп шық және олардың әрқайсысының қасына келесі баға жүйесі бойынша пәнге қатысты сандарды қойып шық:
 - Қызықты, бірақ қиын-1
 - Қызықты-2
 - Қызықты емес, себебі түсінбеймін-3
 - Түсінемін, бірақ жалығып кетемін-4
 - Ол сабаққа бармайтын едім,егер де маған ұрыспаса-5

Басқа әдістер сияқты, бұл әлеуметтену картасы тек балалармен сенімді қарым-қатынас орнатқан, оқу-тәрбие жұмысы гуманизмге бағытталған, қызықты мектепте ғана оң нәтижесін береді.

7-сұрақтың жауабын сынып жетекшісі қысқа, тоқталған түрде береді. Ал 8-сауалнаманың жауабын төкмендегідей жеке №2 кестеде көрсеткен дұрыс:

№2 кесте

Оқу пәндеріне оқушылардың көз қарасын білдіретін кесте

Оқушының аты-жөні	Қазақ тілі	Әдебиет	Математика	Шет тілі	Тарих	Физика	Т.с.с оқу жоспарына сәйкес

Кестегі 8 бөлім бойынша мағлұматтар нені көрсетеді? Осы бөлімдердің мазмұнына тоқталап шығайық.

1. **«Әлеуметтік (социум)» бөлімі бойынша** бала социум қалай кірігіп отыр және бүгінгі күнде оған ең басты нәрсе не екені көрініп отыр. Әлеуметтік педагог үшін құнды мәселе отбасы баланың құндылық бағдарының ішінде қандай орын алатынын білу. Бала бос уақытын қай жерде және кіммен бірге өткізетінін білу де маңызды болып табылады.
2. **«Отбасы» бөлімі бойынша** отбасы мүшелерінің ішінде бала кімге талпынады, кіммен сенімді қатынаста, ал кіммен нашар қатынаста, онымен түсіне алмайтынын көруге болады. Сынып жетекшісі бала мәселесі бойынша кіммен сенімді қарым-қатынас орната алатынын осы кестеден көре алады. Отбасы мүшелерінің өзара қатынасы көрініп, отбасы балаға жақсы әсер ете алады ма әсер ете алмайды ма деген сұраққа жауап алуға болады. Осы кестеге сүйене отырып ата-аналар комитетін сайлап, бала үшін беделді ата-аналар арасынан мектеп арасынан мектептің сыныптан тыс жұмыстарына көмекшілерді табуға болады.
3. **«Қиын кезде» бөлімі бойынша**, бала өзінің проблемасын шешуде кімнен көмек сұрай алады және бала үшін кім беделді(авторитет) екені көрінеді.

Егер де бала (жасөспірім) ешкімге сенбесе, ол өзінің проблемаларымен жеке қалатындығын байқауға болады. Баланың жас ерекшелігін, дұрыс емес шешімді қабылдап қоятындығын ескерсек бала үшін бұл жағдайдың соңы орын толмас өкінішке әкеліп соғатындығы белгілі. Бұл бөлім сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагогқа осы балаға қатысты қандай жұмыс жүргізуге болтындығы туралы ойлануға мүмкіндік береді.

4. **«Кедергі» бөлімі бойынша**, біз балаға ең алдымен өмірін не қиындатады, не жабырқататынын көруге болады. Өзінің көзқарасы бойынша, өзі нені өзгерте алмайтынын байқаймыз.
5. Өкінішке орай кейбір баланың немесе жасөспірімнің нағыз досы болмайды ол өзі жалғыз, бақытсыз сезінетін кездер де жиі кездеседі.
6. **«Ересек» бөлімі бойынша** бала өз проблемасы бойынша кімге бара алады, кім оны түсініп, тыңдап, көмектесе алатынын көруге болады. Әлеуметтік педагог үшін

бұл бөлімнің де маңызы өте зор. Себебі, баланың тәртібінде ауытқуы кезінде, т.б. кезде сынып жетекшісі әлеуметтік педагог осы кісінің көмегіне сенуіне болады.

7. **«Таңдау» бөлімінде** сыныпта жүргізілген социометриялық сауалнаманың нәтижесі жазылады. «Біз таңдаймыз», «Бізді таңдайды» бөлімі сыныптағы балалар оған қалай қарайды, сыныпта оған жақсы ма, сыныптағы микроклимат қандай, сыныптағы лидер кім лидердің бұл балаға қатынасы қандай, бала құрдастарының ұжымында оқшауланып қалған жоқ па деген сұрақтарға жауап береді.
8. **«Сабақ үлгерімі» бөлімінде** баланың сабақтағы: мінез-құлқы, оның жұмысы, мұғалімдермен байланысы, оқу пәндеріне қатынасы, оның икемділігі мен тілегін көруге болады. Бір жағынан мұғалім сыныпта қаншалықты қызықты және беделді екендігін көруге болады. Бұл кесте сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог үшін бала проблемасын анықтауға және шешуге үлкен мүмкіндік береді. Әлеуметтік педагогқа сынып жетекшісі көмек сұрап келгенде олар сыныптың әлеуметтену картасын міндетті түрде ала келуі тиіс. Себебі, осы картадағы мәліметтерге сүйене отырып әлеуметтік педагог сынып жетекшісімен, психологпен, кестеде келтірілген бала үшін беделді адамдармен сұхбат жүргізеді. Осы жұмыстардан кейін әлеуметтік педагог баланың өзімен кездеседі. Бұл әдіс мектептегі баламен жұмыс жүргізуде негізделген және тиімді жүйе болып табылады.

Тұлғаның қасиеті	Құндылықтары	Әрекет түрі
Ақылды	Еңбек ету	Спортпен шұғылдану
әділ	Білім	Достарымен арласу
Еңбекқор	Достары	Кітап оқу
Мейірімді	Отбасы	Саяхаттау
Тез шешім қабылдай білу	Қаражат	Білім алу
Адал	Табиғат	Ата-анасына көмектесу
әдепті	Денсаулық	Қарт адамдарға қамқорлық жасау
әділ	Отан	Музыка тындау
Көңілді	Мектеп	Теледидар көру
Батыл	Адам	Кітапхана, мұражайларға бару
Табанды,өжет	Қоғам	Техникамен айналысу
Басқалармен тіл табыса алатын	шығармашылық	Жануарларға қамқор болу

Оқушының әлеуметтік портреті

- Оқушы туралы жалпы мәлімет:
 - Аты-жөні;
 - Жасы, сыныбы;
 - Отбасы туралы мәлімет; (құрамы, типі)
 - Денсаулығының жағдайы;

- Үйірмелерге, секция, клубтарға, байқауларға қатысу;
 - Тапсырманы орындауы;
2. Жеке психологиялық ерекшеліктері:
 - темпераментінің басымдығы;
 - өзін-өзі бағалауы;
 - тұлғаның бағытты таңдауы;
 3. Тұлғаның әлеуметтенуіне, дамуына, әлеуметтік факторлардың ықпалы: отбасы, мектеп достары, БАҚ, тұрғылықты мекені (қала, ауыл)
 4. Тұлғаның бағытталу картасы (қарым-қатынаста, мәдени бос уақытында неге басымдық береді).
 5. Әлеуметтік педагогикалық жағдайды қалыптастыру және іске асыру бойынша педагогтың жұмысы (оқушының жеке қызығушылығы мен мүмкіндігін ескере отырып жаттығу, тапсырма түрінде беріледі).

Бұл құжат қарапайым болып көрінгенімен, оның мазмұны оқушының тұлғалық, негізгі әлеуметтік психологиялық мінездемесін зерттеуге, оқушының әлеуметтік тәрбиесінің деңгейін көтеруге бағытталған нақты тәрбиелік іс-шараларды атқаруға мүмкіндік береді.

Мен нені жақсы көремін? Мен нені жаман көремін?

Мақсаты: Тәрбиеленушінің өмірлік құндылығын анықтау.

Нұсқау:

Төмендегі сұрақтарға 10 жауаптан жазып шығыңыз: «Мен нені жақсы көремін?», «Мен бәрінен бұрын нені жек көремін?»

Аяқталмай қалған хат

Бейтаныс досқа жазылған хатты жалғастырыңыз:

Мен жақсы өмір сүремін, себебі..... Мен жақсы өмір сүрмеймін себебі.....

Фантастикалық таңдау

Мақсаты: «Сиқырлы жағдайды» пайдалана отырып, баланың қажеттілігін білу.

Нұсқау:

- Алтын балық сенен «Саған не керек?» деп сұраса не деп жауап берер едің?
- Егер де сен бір сағатқа сиқыршы болсаң не істер едің?

- Сен адам аяғы баспаған аралға келіп, өміріңнің қалған бөлігін сонда өткізуді ұйғардың. Өзіңмен бірге бес затты алып баруға болады. Бес затың атын ата?

Референттік адамдар

Мақсаты: бала үшін референттік адамдарды анықтау.

Нұсқау:

Қарым-қатынаста сіз үшін өте маңызды 10 адамды атап (жазып) шығыңыз. Тізбек ретінде сіз үшін өте жақын адамдарды белгілеп шығыңыз. Мысалы: Мен----анам----досым-----мұғалім-----т.б.

«Мен және менің достарым»

Сауалнама

Сіздің достарыңыз бар ма? (бар,жок)

Сізді олармен не байланыстырады:

Киноны бірге көреміз;

Гитарада ойнаймыз;

Хобби;

Т.б.(толықтырыңыз)

3. Достарыңыздың ішінде өз құпияңызды кімге сеніп айта аласыз?

4. Қиын жағдайда көмекке қай досыңызды шақыр алар едіңіз?

5. Сіздегі қандай қасиеттерді достарыңыз бағалайды?

6. Досыңыз қиын жағдайға ұшырап, белгілі бір проблеманы шешуге көмектескен жағдайыңызды еске түсіріңіз?

7. Сіз өз достарыңыздың жанында қалай сезінесіз?

- Көңілсіз және ешкім қол ұшын бере алмайды;
- Өмір тамаша және таң қаларлық;
- Бірде жақсы, бірде көңілсіз;

1. Сіздің досыңыздың бойында қандай қасиеттер болу керек және достықта сіз неден қорқасыз?

2. Сіздің достарыңыздың арасында мінез-құлық пен іс-әрекеттің қандай түрлері қолдай табады?

3. Кіммен жиірек араласасыз және бос уақытыңызды сіз қандай топпен өткізесіз менің достарым?
- Менің компаниям
 - Менің аулам
 - Менің тобым
 - Тағы басқалар(толықтырыңыз)
11. Сіз қарым-қатынас жасайтын ересек адам бар ма? Кім ол?
12. Сізге дау-дамай болып тұрады ма? Егер болса әдетте ол қалай шешіледі?
- Күшпен;
 - Лидердің араласуы арқылы;
 - Ересек адамдардың араласуы арқылы;
13. Ересек адамдар сіздің достарыңызға қалай қарайды (ата-ананыз, көршіңіз)
- Түсіністікпен;
 - Түсінбейді;
 - Нейтралды;
 - Бейтараптылықпен;
 - Қарым-қатынас салуға тиым салады;
14. Төмендегі қай ойлармен келісесіз, соны белгілеңіз:
- Достарыма пайдалы кеңес беремін;
 - Менімен жиі кездеседі;
 - Достарымсыз маңызды шешім қабылдай алмаймын;
 - Мені ешкім шын негізінде түсіне алмайды;
 - Мен өзіме шешім қабылдағаным оңай, көпшілікке шешімді кейін жариялаймын ;
 - Маған бәрімен бірге шешім қабылдап, көпшілікке бағынғаным оңай.
15. Достарыңызбен болған кезіңізде жан дүниеніңді төмендегі қай суретпен бейнелер едіңі:
- Күнмен;
 - Адам;
 - Жалғыз кеме;
 - Жараланған жүрек;

Мен және менің сыныбым

Тәрбиелеудің табысы сыныптағы балалардың арасындағы тұлға аралық қарым-қатынасты білу және әрбір оқушының басқа баламен қаншалықты мәдениетті екендігін білуіне, анықтауына байланымты.

Әлеуметтік педагогқа сыныптағы оқушылардың өзара қарым-қатынасын анықтау өте маңызды болып табылады. Әлеуметтік-психологтың зерттеу тәжірибесінде қолданып жүрген әдістердің ішінде жоғарыда көрсетілген оқушының әлеуметтену картасында қолданған социометриялық әдіс болса, сонымен қатар бірнеше түзету-дамыту әдісін қолданса болады.

«Қуаныш күнтізбесі»

әдістемені сипаттау: Бұл әдістеме баланың, жасөспірімнің ересек адамдардың эмоциялық жағдайын көтеруге бағытталған универсалды түзете-дамыту әдісі болып табылады. Бұл әдіс күнделік әдісі болып табылады, топтық жұмыста және жеке қолдануға болады.

Нұсқау (жазбаша түрде беріледі)

Қымбатты дос!

Өмірде күнделікті тамаша және бағытты минуттар болып тұрады, мейірімді адамдар кездесіп, игі істер жасалып тұрады.

Осыны бәрін сезген адам өзіне сенімді және байсалды. Ол адамның жолы болғыш келеді. Оны барлығы жақсы көреді. Бірақ әдетте біз керісінше жасаймыз, көбіне біз көңілсіз, күйбің тірлікті байқап, жаман сезімдерге беріліп игі сезімдерді басып тастаймыз, осының нәтижесінде көңіл-күйіміз бұзылып сәтсіздіктер мен кикілжіңдер туады. Бақытты болу үшін өз жақынның жақсы жақтарын көріп, өмірдің үйлесімдігін сезіну керек.

Ол үшін сізге «Қуаныш күнтізбесі» көмектеседі.

Сіз әр күні барлығы таң қалдырған, қуантқан жағдайды еске түсіре отырып, бұл күнделікті кешке толтыруыңыз керек. Ол сені толғандырған жаңа ой немесе сөз, сен немесе басқа жақын немесе саған бейтаныс адам жасаған игі іс болуы мүмкін. Музыка немесе арман болуы мүмкін.

Бүгінгі күні өзіңде болған жақсы, ашық, көңілді жағдайлардың бәрін осы күнделікке жазып қой.

Алғашқы кезде саған еш өзгеріссіз болмағандай болып көрінуі мүмкін. Бірақ жазғаныңды мұқият оқып шықсаң бақыттың ең болмағанда бір сәтін байқайсың. Күн сайын қуанышты жағдайлар сенің өмірді толықтырып отыратынын байқайсың.

Ізгі ниетпен

Әлеуметтік педагог (Аты – жөні)

Күнтізбе 3-4 апта бойы толтырылады. Қажет болған жағдайда бұл әдісті ұзартуға немесе белгілі бір үзілістен кейін жаңғыртуға болады. бұл әдісті жылына 3-4 рет қолданған тиімді. «Қуаныш күнтізбесі» әдістемесі-адамның ойын көбінесе қуанышты және жағымды оқиғаны есте сақтауға жаттықтыратын әдістің бірі болып табылады. Бұл әдіс сонымен қатар жағымсыз ойлар және оқиғалармен күресуге көмектеседі.

«Қиын баланың» тұлғалық ерекшелігін зерттеу

1. Басы туралы жалпы мәлімет.
2. Денсаулық жағдайы, дені дамуының жасына сәйкес келуі(бойы,салмағы,көзіндегі,құлағындағы ақаулық.т.б)
3. Тұлғаның бағытталу(эгоистік, қоғамдық,іскерлік;көзқарасы және сенімі,қызығушылығы,ақылы мен тәртібінің сәйкес келуі;қажеттілігі,ұмтылысы,арманы,идеалы,кұндылығы)күйзелуінен сыртқы көрінісі,ерік күнінің ерекшелігіне мақсат қоя алуы
4. Мүмкіншілігі(жапы және арнайы).
5. Мінезі.Оқуға,еңбекке мінезінде қандай оң және теріс санасы бар белсенді,тәртіпті,жауапкершілігі мол, жеңілтек,қырсықтық:ересек адамдар мен өзінен кейінгілерге қатынасы:сыйлаушылығы,мейірімділік,дөрекілік,эгоизм,қатыгездік,жағымсыз қылықтары бар ма:шылым шегу,жалған айту,спирттік ішімдік пайдалану,нашақорлық заттарды пайдалануы;
6. Тәрбиленушінің тұлғааралық қарым-қатынасының мініздемесі.
 - Отбасында(отбасы тәрбиесінің жағдайы,құрылымы бойынша отбасына мінездеме, метариалдық қамтамасыз етілуі,тәрбиелік мүмкіндігі,отбасындағы ересек адамдар арасындағы қарым-қатнас ерекшелігі,бала мен ересек арасында,отбасындағы бала позициясы)
 - Сынып ұжымында(сынып ұжымына мініздеме, оқушының әлеуметтік мәртебесі,оның ұжымдағы орны;лидер,беделді,қабылданған,оқшауланған;тәрбиеленушінің сынып ұжымына қатынасы; симпатия, антипатия, өзінің ұстанымына көзқарасы).
 - Еркін қарым-қатынас саласында (бос уақытында кіммен қарым – қатынаста, қандай топта, топтың бағыты, еркін қарым-қатынаста топта қандай орын алады, қандай қажеттілікті қанағаттандырады; бос уақытын кіммен және қалай өткізгісі келеді.
7. әр түрлі іс-әрекетке араласуы:
 - білім алуына қатынасы (үлгерімі, білім деңгейі, білім дағдыларының қалыптасу деңгейі, оқуының негізгі мотивтері, белгілі бір мәнге қызығушылық білдіруі, есте сақтау ойлау ерекшеліктері)

- еңбекке деген қатынасы (еңбек дағдыларының болуы іскерлігі еңбектің бір түріне қызығуы, қоғамға пайдалы еңбекке араласуы; үйдегі еңбек міндетін орындауы)
- белгілі бір іс-әрекетке қызығуы (белгілі бір секция, үйірме, клуб мүшесі)
- кәсіптік бағдарлама алуы (бағдарлануы, болашақ мамандығын тандауына не әсер етеді)

8. Мінез-құлқында ауытқушылық болуының себептері:

- Денсаулық жағдайының нормадан ауытқуы(денсаулығының дене және жүйкесінің бұзылуы, дене дамуының сәйкессіздігі, ойының дұрыс өспеуі, невроз; есте сақтауындағы, ойлауындағы кемшіліктер).
- Мұғалімдердің қателігі (педагогикалық билікті асыра пайдалануы; баланы жазалау, ұсынған талабының қайшылығы, оқушының ерекшелігі туралы білімінің таяздығына баланың ата-анасымен мұғалім арасындағы және бала мен мұғалім арасындағы дау-дамай және т.б.)
- Отбасындағы тәрбие қателіктері; «асыра еркелету», «асыра жазалау», «балалық шақтағы жалғыздық»; қарапайым психологиялық- педагогикалық білімінің болмауы, бала тәрбиесін мектепке аудару, дене еңбегінен баланы алыстату; отбасындағы кикілжің және т.б.)
- әлеуметтік себептер (қоғамдағы, кіші ортадағы қайшылықтар)
- баланың жүйесіне әсер ететін жағдайлар:

Тұлғаны қайта бағыттаудың мақсаты, әдісі, түрі оның жеке – психологиялық, жас және жыныстық ерекшелігін, мінез-құлқы мен дамуындағы ерекшеліктерін ескере отырып анықталады.

Әлеуметтік педагог әр-бір тәрбиеленуші үшін оның қызығушылығын мүмкіндігін ескере отырып жұмыс жүргізеді. Оның ересек адамдар мен достары мен қарым-қатынасын болжамдау арқылы жас өспірімді басқару қызметін анықтайды.

IX. Әлеуметтік педагогтың тәрбие тәртібінде ауытқушылығы бар балалар мен жас өспірімдер мен жұмысы.

Кәзіргі заманғы ғылыми педагогикалық-әдебиеттерді талдай келе «проблемалық немесе қиын» оқушы ұғымын құрайтын маңызды үш белгіні атауға болады.

Бірінші белгісі: ол баланың мінезінде ауытқышылықтың болуы. Бұл сөзді ғылымдар «делинквенттік» және «девианттық» деген арнайы терминмен атайды. Делинквенттік мінез – құлық – қылмыстық жазаланбайтын ұсақ құқық бұзушылық, іс - әрекетке әкеп соғатын мінез-құлық. Девианттық мінез-құлық- дегеніміз қоғамда қабылданған нормалардан ауытқушылыққа әкеліп соғатын мінез-құлық. Бұл ұғымға делинквенттік және мінез-құлқындағы т.б. басқа ауытқушылықтарда кіреді. (ерте бастан ішімдікке салынудан суицидке дейін)

Екіншіден, проблемалық балалар қатарына мінез-құлқын түзеуге қиын соғатын балаларды жатқызуға болады.

Үшіншіден проблемалық балалар мәселесі сынып жетекшісі тарапынан, сипаттағы оқушылар тарапынан жеке көңіл бөлуді талап етеді. Себебі, проблемалық балалардың барлығыда «қиын бала» емес Олардың ішінен (проблемалық балалар) қиын кезде көмекке келуге дайын болып тұратын балалар да көптеп кездеседі.

Сонымен проблемалық оқушы ол бала мінезінде нормадан ауытқушылығы бар бала, түзеуге қиын, бүкіл мектеп, сынып ұжымынан жеке көңіл бөлуді талап ететін оқушы.

Бала бойында ауытқушылықтың пайда болуына әсер ететін себептер:

- әлеуметтік –педагогикалық қараусыздық білімге деген ынтаның, дағдыларының болмауы.
- Отбасындағы қолайсыз психологиялық микроклиматқа білімдегі сәтсіздіктерге, сыныптастарымен қарым-қатынастағы проблемаларға ата-ана мұғалім тарапынан әділетсіз қатынасқа байланысты оқушы бойында терең психологиялық дискомфорттың болуы. Психикалық және физиологиялық денсаулығы мен дамуындағы ауытқушылықтар, жас ерекшеліктеріндегі дағдарыстар; Өзін өзі көрсетуге жағдайдың болмауы, баланың ішкі және сыртқы белсенділігін мүмкіндігін көрсете алмауы, пайдалы іспен айналысуы, өзіндік мақсаты мен өмірлік жоспарының болмауы; баланың бақылаусыз, қараусыз қалуы, баланы қоршаған ортаның жағымсыз әсер етуі мен әлеуметтік психологиялық бейімделе алмауы; әлеуметке қарсы мінез-құлық көрсетуі, оның негізіне әлеуметтену процесінің бұзылуы жатады.

Бұл себептердің ішінен әсіресе ата анасы мен достарының және мұғалімдердің немқұрайлы қарым-қатынасының негізінде пайда болған бала мен жас өспірімдердің әлеуметтік педагогикалық бақылаусыздағы үлкен рөл атқарады. Нәтижесінде бала өзін жалғыз ешкімге керек емес қорғаусыз қалғандай сезінеді. Баланың бойындағы қарсылық, оқшаулану ересек адамдарға деген араздық жеккөрушілік, баланың бойындағы тағдыры, психологиясы өзіне ұқсас өзі сияқты балалармен бірігуіне алып келеді.

Әлеуметтік жағымды тәжірибенің жеткіліксіздігі, дүние танымының, құндылық бағдарының, этикалық бағдарының қалыптаспағандығы оқушының тұлғалық дамуында, әлеуметтік кейпіне жағымсыз әсер етеді. Бұл мәселеде маңызды рөлді дер кезінде ата-ана мен психологиялық-педагогикалық қолдаудың болмауы әсер етеді. Қазіргі кездегі оқушының қоршаған ортасы (социум) баланың дамуы, тәрбиесі үшін өте қолайсыз болып отырғандығы белгілі. Ол күнделікті отбасында, қоғамдық орында мінез-құлықтың әртүрлі ауытқуларымен пайда болуына қалалық жағдай, ондағы жағымсыз әсер ететін экономикалық әлеуметтік және мәдени факторлар әсер етеді.

Оқушылардың мінез-құлқының ауытқушылығын туғызатын факторлар.

- дәрігерлік биологиялық (денсаулық жағдайы, тұқым қуалаушылық, психикалық және дене дамуының іштен туа біткен кемістіктер);
- әлеуметтік экономикалық (жанұяның материалдық проблемалары, салты, қоғамда өмір сүруге бейімделмеу т.б.)
- психологиялық (өзін өзі ұнатпауы, ашушандық, көңіл-күйінің жиі бұзылуы, қарым-қатынастағы, құрдастарымен, үлкендерімен өзара іс-әрекеттегі қиындықтар т.б.);

- педагогикалық (білім беру мекемесінің бағдарлама мазмұны мен баланың оқу жағдайларының олардың психикалық және дене ерекшеліктерінде психикалық дамуы мен баланың типіне сәйкес болмауы);
- педагогикалық (білім беру мекемесінің бағдарлама мазмұны мен баланың оқу жағдайларының, олардың психикалық және дене ерекшеліктеріне, психикалық дамуы мен баланы темпіне сәйкес болмауы);

Тәртібі «қиын» балалар:

- клиникалық патологиялық сипаты анық білінбейтін, бірақ дамуында проблемасы бар балалар;
- әр түрлі жағдайлар мен ата-ананың ққамқорлығынсыз қалған балалар;
- әлеуметтік жағдайы төмен отбасында тәрбиеленген балалар;
- әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық көмек пен қолдауға тәуелді, зәру отбасынан шыққан балалар.

Мұндай балалардың дамуына қажетті жағдайлар жасалмағандықтан, бұл психологиялық және әлеуметтік сипаттағы әр түрлі жағымсыз салдарларға жеткізеді.

Балалардың мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың көрінуі:

Мектепте:

- сабақтан қашу;
- мектеп тәртібін бұзу;
- балағаттап сөйлеу,
- мектеп мүлкін бүлдіру, сабақты бөлу;
- төбелесу;

Үйінде:

- үйден қашу;
- үйдегі міндеттерін орындамау;
- ешкімді тыңдамау;
- өтірік айту;

Құқыққа қарсы әрекеттер:

- қанғыбастыққа салыну;
- қайыр сұрау;
- құмар ойындар ойнау; есірткі қолдану;
- жезөкшілікпен айналысу;
- ұрлық жасау;

- мүлікті бүлдіру;
- дене жарақатын салу (төбелесу)

Оқушылар бойындағы девианттық мінез-құлықтың алдын-алу шаралары

Тұлғаның дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқушылықтардың алдын-алу, әлеуметтік құзырлы тұлға болып қалыптасу үшін оқушы жағымды мінез – құлық дағдыларын үйренуге, дұрыс шешім қабылдай алуға үйренуі тиіс.

Бұл міндетті шешу оқушыға әсер ететін ортасының жағымсыз әсерінен сақтандыру, түзету қызметін атқаратын қызметтік атқаратын әлеуметтік-педагогикалық жағдай құруға бағытталған тұтас мектеп саясатын құруды талап етеді. Ол өзіне келесі бағыттарды біріктіреді.:

- оқушының мінезіндегі ауытқушылық түрлерін, оған әсер ететін факторларды диагностикалау;
- оқушы мен оның ата-анасының қосымша педагогикалық және психологиялық ақпаратқа деген қажеттілігін зерттеу.
- Оқушылардың, ата-аналардың мұғалімдердің пікірін зерттеу қорытындысы негізінде, анықталған ерекшеліктеріне қарай оқушының тұлғалық дамуындағы ауытқушылықтың алдын-алу және түзетуге бағытталған бағдарламаны жасақтау;
- Тұлғаның дамуы мен мінез-құлқындағы ауытқушылықтың алдын-алу және түзету әдістемесін меңгерген бала бойында жағымды қарым-қатынас жауапты шешім қабылдау, жағымды «Мен -концепциясын» дамыту, сауатты өмір салтын тандауды қалыптастырудың психотехникалық әдіс-тәсілдерін меңгерген педагогикалық кадрларды дайындау;
- Мектепте қолайлы психологиялық-педагогикалық жағдайды құру;
- Отбасымен тиімді қарым-қатынас байланысын дамытуға бағытталған құзырлы әкімшілік шешім қабылдау, тегін қосымша білім беруді ұйымдастыру.

Оқушының тұлғалық дамуындағы және мінез-құлқындағы ауытқушылықтың алдын-алу бойынша жұмыстар келесі шарттар орындалған кезде тиімді болады:

- Оқушының білім алуындағы жетістіктерге жетуі,
- Құрбыларымен, ата-аналарымен, мұғалімдерімен жағымды қарым-қатынас орнатқан кезде;
- Психологиялық қорғалғандығы;

Соңғы шарт төмендегі мәселелерді құрайтын әлеуметтік қорғаумен тығыз байланысты

- Барлық оқу орын процесіне қатысушылардың құқық сақтауы мен міндеттерді орындауы;
- Білім беру мекемелеріндегі барлық оқушылардың құқығының тең болуы;

- Кез-келген себептерге байланысты дискриминацияны (кемсітпеушілікті) болдырмау;

Бұл талантардың орындалуы педагогикалық дифференциялау (саралау) тұрғысынан және оқу процесін интеррациялау арқылы барлық оқушылармен оқу-тәрбие процесін құруға мүмкіндік береді.

Білім беру мекемелерінің «қиын оқушымен» жұмыс моделі.

Білім беру мекемелері девианттық – делинквенттік мінез-құлқы бар оқушылармен жұмыста төмендегі модельді (үлгіні) ұстанса болады:

I-кезең: қиын оқушыларды анықтау және есепке тұрғызу, бұл жұмыстың қиыны және уақытты көп алатын бөлігі, жұмыстың бұл бөлімін сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагог бірге жүргізеді. Себебі олар оқушылар туралы ақпаратты толық білетін мамандар болып саналады. Сынып жетекшісі мен әлеуметтік педагогтың міндеті – балаларды тіркеудің түрін анықтау (сыныпшілік, мектепшілік). Одан кейін бірлескен әлеуметтік – педагогикалық сүйемелдеу жүргізіліп, оқушы туралы қосымша ақпараттар нақтыланады.

II.- кезең: түзету (коррекциялық) жұмыстары. Жұмыстың бұл кезеңінде отбасымен оқушыға байланысты қызмет жүйесін ұйымдастырып, нормативтік құжаттарды бекітетін мектеп әкімшілігі қосылады. Ата-аналарға берілетін жеке кеңесте проблеманың нормативтік –құқық жағы, олардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін түсіндіріледі.

Түзету жұмыстарын төмендегі мектеп мамандары атқарады.

- **Психолог-педагог** (оқушымен, ата-анамен және мұғалімдермен жүргізілетін түзету жұмыстарын психологиялық сүйемелейді)
- **әлеуметтік педагог** – (баланың әлеуметтенуіне көмектесетін бала мен оның отбасында өз құзырлығы бойынша көмектеседі)
- **медициналық қызметкер-** (баланы жан-жақты медициналық қарауын ұйымдастырып, арнайы мамандардан кеңес алуына көмектеседі)

Екінші кезеңде әлеуметтік педагог пен психолог әлеуметтік және психологиялық әдістерді қолдана отырып, девианттық мінез-құлықты баланың отбасындағы проблемаларын анықтай отырып, бала мен оның отбасын әлеуметтік –психологиялық жағынан сүйемелейді, баланың қарым-қатынас ортасына біріккен талдау жасайды. Талдауды мамандар баланың қатысуымен өткізеді (оның қалауымен ата-анасы да қатысуына болады). Талқыланатын мәселе диагностикалық қорытындысы бойынша алынған ақпараттар. Бірақ ақпараттың бала рұқсат етпеген бөлігін мектеп әкімшілігіне, баланың ата-анасына да жеткізуге болмайды. Егер бір жақты байланыс болса немесе жоғарыда аталған мамандар баламен тек өз құзырлығы қолдау жұмыстарын жүргізген болса «қиын бала» кезеңінде, жан-жақты қолдаусыз көмексіз қалады.

- III. –кезең бойынша педагогикалық кеңес (құқық бұзушылықтың алдын –алу Кеңесі). Кіші педкеңес мәжілісінде сынып жетекшісі мектеп әкімшілігінің жұмысын қоса отырып, оқушы туралы, атқарылған жұмыстар туралы ақпараттарды ұсынады.

Оқушы мен оның отбасымен жүргізілген жұмысының негізі кезеңдеріне тоқтала келе жиналған ақпараттарды талдап қорытындыдайды. Кіші педкеңестің шешімі балаға ескерту баланың ісін жасы толмағандар ісі бөліміне дейін ауытқуы мүмкін. Кейбір жағдайда кіші педкеңеске баланың қатысуы керек болмайды.

- IV. –кезең - Жасы кәмелетке толмағандардың ісі мен олардың құқын қорғау комиссиясының отырысы. Мектепке жинақталған және алынған ақпараттар негізінде жасы кәмелетке толмағандар ісі бойынша инспектор ҚР әкімшілік құқық бұзушылық Кодексінің бұзылғандығы туралы хаттама толтырады. Ол материалдар баланың тұрғылықты жеріндегі жасы кәмелетке толмағандардың ісі мен олардың құқын қорғау комиссиясына жіберіледі. Жасы кәмелетке толмағандардың ісі мен олардың құқын қорғау комиссиясының шешімі балаға ескерту жасаудан бастап арнайы жабық мекемесіне жіберуге дейін ауытқиды.
- V. – кезең - Материалды сот орындарында қарау. Сот мәжілісінде мектептен берілген материалдарды қарау барысында комиссияның баланы жабық мекемеге жіберу немесе жібермеу туралы шешімін қолдайтын немесе қарсылық білдіре алатын мектептің әлеуметтік педагогы қатысады. Сот ҚТЖІ инспекторының, баланың заңдық өкілі, әлеуметтік педагогтың, қоғамдық адвокаттың пікірін ескере отырып, кәмелетке толмаған балаларды арнайы жабық мекемесіне жіберу туралы шешім қабылдайды.

Білім беру мекемелерін оқушының девианттық мінез-құлқының алдын-алу бойынша жұмысындағы мақсаты – оқушыларды арнайы мекемелерге жіберу емес, керісінше оны дер кезінде тоқтатып, қоғамның толыққанды азаматы етіп тәрбиелеу.

Әлеуметтік педагог пен психологтың басты мақсаты – осы балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, олардың жүріс-тұрысы, мінез-құлқы әлеуметтік нормалардың шеңберінен шықпауына, басқалармен қарым-қатынас орнатуға ықпал ету.

Жеке ағарту жұмыстарының бағдарламасы (дәрігер –наркологтың, психологтың ғылыми жетекшілігімен)

- баланың жақсы қасиеттеріне назар аудару;
- мінез-құлық бағдарларын тандаудағы жауапкершіліктерін сенуге көмектесу;
- проблемалық жағдайдан шығудың қадамдарын анықтауға ықпал ету;
- нақты көмек беретін мамандарға жүгіну керектігін түсінуіне көмектесу (наркологқа, әлеуметтік-психологқа-медициналық көмек орталықтарынан т.б.).

Топпен жүргізілетін арту жұмыстарының бағдарламасы

Өз денсаулығына жақсы қарау мүмкіндігі мен тәуелсіздікке әкелетін заттарды қолдануға қарсылықты қалыптастыруға бағытталған жұмыстар:

- ақпараттық үгіт;
- рольдік;
- іскерлік;

- демалыс ойындарын;

Әлеуметтік педагогтың ағарту жұмысының ерекшеліктері бір жағынан жағымды өмірлік ұстанымдарды, құндылықтарды қалыптастыруға, жағымды өмірлік ұстанымдарды, құндылықтарды қалыптастыруға, балалардың өмір тәжірибесіне бағытталса екінші жағынан –оның негізгі өмірден жағымсыз тәжірибе жинақталған, әлеуметтік қалыпты жағдайдағы балалармен жұмыс. Бұл жұмыс педагогикалық гуманизмге негізделуі тиіс. Педагогикалық жайлы және тұрақты жанұяларда өскендер мен салыстырғанда кәмелетке толмағандардың заң бұзушылық әрекеттері үнемі ұрыс керіс болатын жанұяда тәрбиеленгендерге 4-5 есе, ал ашушандық пен қатыгездік жайлаған жанұяларда 9-10 есе жоғары. Көп жағдайда балалар үлкендердің іс-әрекетін сол қалпында дұрыс деп қабылдап оларға еліктейді.

«Қиын» балалармен жұмыстың үйлестірілген жоспары.

Атқарушылар: сынып жетекшісі, әлеуметтік педагог, психолог директордың оқу тәрбие іс-жөніндегі орынбасары:

Ұйымдастыру шаралар:

1. Сыныптың әлеуметтік паспортын жасау
2. «Қиын» балаларға мінездеме жасау
3. Қиын жағдайда өмір сүріп жатқан балаларды анықтау
4. Ата-аналар жиналысын өткізу.
5. «Ерекше назардағы» балаларға картотека жасау
6. Демалыс және үйірме жұмыстарын ұйымдастыру.
7. Құқық органдарымен байланыс жасау.
8. «Қиын» балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

Балалармен жұмыс.

1. Сабаққа қатысуын қадағалау.
2. Сабақ үйірмелерін бақылау.
3. Оқушыларды секциялар мен үйірмелер жұмысына тарту.
4. Ағарту әңгімелерін жүргізу.
5. Баланы бақылау мақсатында сабаққа қатысу
6. Психологтан немесе дәрігерлерден кеңес алуға бағытталған.
7. Психодиагностика жүргізу.
8. Әрі қарай білім алуына көмектесу.
9. Даулы жағдайларды талдау.

Ата-аналар мен жұмыс.

1. «Ерекше назардағы» балалардың үйлеріне бару.
2. Ата-аналарға кеңес беру.
3. Ағарту кеңестерінің жұмыстарына балалар мен ата-аналарын шақыру;
4. ата-аналар жиналысында баяндама жасау;
5. бала тәрбиесі мен қарым-қатынасты жақсарту жағдайында ата-аналар үшін ұсыныстар жайындау;

Педагогикалық ұжыммен жұмыс

1. пән мұғалімдері мен қажетті ақпараттар мен алмасу;
2. диагностика қорытындысын бойынша кеңес беру;
3. «Ерекше назардағы» балалар мен жұмыс істеуге нұсқаулар беру;
4. аталған тақырыпта педкеңестер мен жиналыстарда баяндама жасау;
5. педагогтардың «қиын» балалармен жұмыс істеу дағдылары мен біліктіліктеріне арналған іскерлік ойындар, семинар-практикумдар. Бұл орайда әлеуметтік педагогтар мен психологтар «қиын» балалар мен жұмыс жүргізуге төмендегі мәселелерді басты назарда ұстауы тиіс.

- «қиын бала» проблемасын кешенді, интегративтік түрде шешу.

«қиын баланы» тәрбиелеуде әлеуметтік педагог психолог пен сынып жетекшісімен ата-ана, тәрбие ісінің орынбасары, пән мұғалімі, валеологпен тығыз байланыста жұмыс атқару;

- оқушы бойындағы құндылық бағдарының мазмұнын анықтау;

- отбас тұрмысындағы қарым-қатынастарды, сәтсіздіктерді, бала тәртібін қадағалаудағы ата-ананың іс-әрекетін зерделеу. Бала тәрбиесі мәселесі бойынша баланың, ата-ананың, педагогтың бірлескен әрекетін жандандыру. Бұл үштіктің біреуінің қарсылығы жұмысты қиындататынын ескерту.

- баланың бос уақыты тиімді ұйымдастырушы оның қызығушылығын, дарындылығын анықтау;

- баланың шартсыз топтарға қатысуы, ондағы көшбасшылық немесе басқадай рөлін, көшеге қызығушылық деңгейін зерттеу.

- «Қиын бала» болу себебін педагогикалық тұрғыдан анықтап алуға және әрбір оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін, тәрбие жағдайларын айқындау

- «қиын балаға» көмек көрсету үшін мақсатты және жүйелі түрде тәрбие жұмысын жүргізу және т.б.

- бала проблемасын шешуде оның жеке потенциалын ескеру, оның жағдайын жақсартуға деген ынтасын, ол үшін маңызды ортасында басымдық беру. Ол үшін проблеманы шешіп бермей дұрыс шешімді өзінің қабылдап алуына көмектесу.- «қиын» баланың ынта – ықыласын, талап тілегін қызығушылығын ескерту.

Әлеуметтік қабілет мүмкіншіліктерін бағалау парағы

А.Ж.Ә.-

Жасы-

Сыныбы-

№	Қабілет мүмкіншіліктері	1 деңгей (білім деңгейі өте төмен) 5 балл	2 деңгей (білім деңгейі орташа) 15 балл	3 деңгей (білім деңгейі өте жоғары) 30 балл	Қорытынды баллдары
	Бөлім №1 Экономика және қаржы бойынша қабілеттері				
1.	Ақшамен жұмыс істеу, қаржылық шығындарды реттей алуы, нарықтағы бағалай білуі				
2.	Жеке және отбасылық бюджетті жоспарлай алуы				
3.	Қаржы институттары бойынша білімдері (несие, банктер)				
	Бөлім №2				
	Мемлекет және құқық түсініктері				
1.	Өз құқықтары және міндеттері туралы білімдері (адам және азамат)				
2.	Мемлекеттік органдардың атқаратын қызметтері мен мақсаттары				
3.	Мемлекеттік қызмет көрсетулер бойынша білімдері				
4.	Электрондық үкімет Е-				

	gov.kz түсінігі				
	Бөлім №3				
1.	Отбасылық құндылықтардың жалпы түсінігі				
2.	Неке және ерзайыптылықтың құқықтық негіздері				
3.	Жыныстық қатынастың мәдениеті				
4.	Отбасын жоспарлау				
	Бөлім №4 Жеке бастың дамуы				
1.	Ақпараттармен жұмыс істей алуы (БАҚ, интернет, оқу орындары т.б)				
2.	Өзінің жеке пікірін қорғауы (сыншыл ой)				
3.	Жаңашылдыққа (инновация) ұмтылуы				
	Қорытынды:				

ҚОСЫМША ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ІС ҚҰЖАТТАРЫН ЖҮРГІЗУ.

Білім беру мекемелеріндегі әлеуметтік педагогтарының құжаттарымен әдістемесі.

1. Әлеуметтік педагог қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар. Бала құқығы бойынша заңдық актілер.
2. Жеке қолдану папкасы.
3. Сыныптың әлеуметтік паспорты.
4. Әлеуметтік педагогтың картотекасы
5. Оқушының әлеуметтік паспорты.
6. Оқушының тұрмыстық жағдайын тексеру актісі.
7. Оқушының отбасына мінездеме
8. Оқушының педагогикалық – психологиялық мінездемесі.
9. Әлеуметтік педагогикалық есеп беру журналы.
10. Әлеуметтік педагогтық қабырға жұмысы.
11. Білім беру мекемесінің КТІЖБ – мен бірлескен жұмыс жоспары
12. Әдістемелік нұсқаулар, ата-аналар үшін жарнамалыр.
13. Сынып жетекшілерге баланың өміріндегі әлеуметтік проблемаларды, тұлға аралық қатынастағы кикілжіңді шешуге арналған әдістемелік нұсқаулар
14. Ата – аналар мен балаларға арналған олардың проблемасын шешуге құзырлы қалалық және аудандық мекемелер мен ұйымдар бойынша анықтамалық ақпарат.
15. Кіріс және шығыс құжаттарды тіркеу журналы.
16. Атқарылған жұмыстың есебі.

Жеке қолдану нұсқасы.

Әлеуметтік педагог өз жұмысын ұйымдастыруда **жеке қолдану папкасын** жүргізіп отыру керек.

Жеке қолдану нұсқасына төмендегі енгізіледі:

- Мектептің негізгі құжаттары (жарғы көшірмесі, лицензия көшірмесі т.б.)
- әлеуметтік педагогтың қызметтік және лауазымдық қызметтері;
- мектептің жұмыс жоспары мектептің өндірістік жоспары немесе бөлігі, даму бағдарламасы, тәрбие жұмыс жоспары, сабақ және ұйымдастыру кеңесі. т.б.
- мектептің педагогикалық тізімі (сынып жетекшілер, пән мұғалімі және әкімшілік үйінің телефоны көрсетілген)

- әлеуметтік педагогтың кәсіптік қызметімен байланысты мекемелер тізімі(қамқорлық және қорғаушылық бөлімі), ішкі істер органдары, емханалар, әлеуметтік қорғау органдары (мекен жайы, телефоны). Мекеме қызметкерлерінің аты-жөні жұмыс кестесі көрсетілуі тиіс.

Сыныптың әлеуметтік паспорты

Мектептің әлеуметтік педагогиканың қызметінде негізгі құжаттарының бірі сыныптың әлеуметтік паспорты болып табылады. Онда әр оқушыға қысқаша мәліметтер беріледі. Әлеуметтік картаны сынып жетекшісі оқу жылының басында толықтыруға болады. Паспорт оқушылардың көпшілігін анықтауға көмектеседі.Әлеуметтік паспорттың бір данасы сынып жетекшісінде,бір данасы әлеуметтік педагогтың қолында болуы тиіс.

Әлеуметтік картаға келесі мәліметтерді енгізуге болады:

Сыныптың әлеуметтік паспорты:

_____ сыныбы

Сынып жетекшісі _____ Аты жөні

Сынып бейіні _____

Сынып туралы жалпы мәлімет

Оқушылар саны _____

Ер балалар саны _____ Қыз балалар саны _____

Аты-жөні	Толық (емес отбасы)								
Бекболов Талғат	толық	1	ия	Төмен	Жеке бөлмесі бар	үлгермейді	Темекі шегеді	агрессиялық	2 жылға қалдырылған
Үсенов Қайрат	Толық емес	6	жоқ	орташа	Бөлмесі інісімен бірге	жақсы	жоқ	қалыпты	әжесімен бірге тұрады

Еркше назар аудару қажет ететін оқушылар туралы қосымша мәліметтер жеке кестеде берілуі мүмкін.

Оқушының аты-жөні	Туылған жылы	Ата-анасының аты-жөні	Үйінің мекен жайы, сымтетігі	Проблеманың қысқаша сипаттамасы
Асанов Марат	08.01.1996ж.	әкесі: Асанов Қайрат Анасы: Асанова Айнұр	Шымкент қ. Дулати көшесі, 12 үй тел.	Анасы 1998 ж. Қайтыс болған. әкесі іс – сапарда көп болады. Басқа туыстары жоқ. Бақылаусыздық.

Сыныптың әлеуметтік картасына сынып жетекшісі туралы ақпарат және оқу жылына арналған жұмыс жоспары да қосылады.

Әлеуметтік педагогтың картотекасы

Сыныптың әлеуметтік картасының негізінде әлеуметтік педагогтың картотекасы жинақталады.

- Сыныптың оқушылар тізімі бар папкасы;
- Сыныптың әлеуметтік паспорты;
- Тәртіп бұзушылыққа бейім немесе қолайсыз отбасынан шыққан оқушылардың әлеуметтік паспорты;

«Қолайсыз отбасылардың» негізгі категориялары:

- әлеуметтенген отбасылар немесе ата-анасы еш жерде жұмыс істемейтін, маскүнемдер нашақорлар;
- әлеуметке қарсы отбасылар (алдын-ала алынған бойынша отбасында балаларды ұрып соғатын, табиғи қажеттіліктерден айырып балаларды кемсітетін тағы басқа отбасылар);
- қолданбалы отбасылар;
- қорғаншылыққа, қамқоршылыққа алынған балалар бар отбасылар;
- асырап алған балалар бар отбасылар;
- мүгедек ата-анасы немесе ауыр науқас адамы бар отбасылар;
- асырап алған балалар бар отбасылар;

- мүгедек ата-анасы немесе ауыр науқас адамы бар отбасылар;
- ерекше назар аударуға қажет ететін отбасылар (отбасы ішіндегі дұрыс емес тәрбие гипериротекция, қалыптан тыс жоғары моральдік жауапкершілікте тәрбиелеу, алғашқы баланың қайтыс болып кетуі т.б.);
- Толық емес отбасылар;

Тәртіп бұзушылыққа бейім балалардың негізгі категориялары

- Милиция есебінде тұрады;
- Наркологиялық диспансерде есепте тұрады;
- Үйінен кетіп қалуға бейім балалар;
- Пәндер бойынша тұрақты үлгермеушілігі бар балалар;
- Ешкімге қосылмай жүретін балалар (аутикалық мінез-құлқы басым балалар);
- Мектепшілік бақылауда тұратын балалар. Аталған балалардың қатарына алкогольдік ішімдіктер мен наша тартып көрген балалар, агрессивтік мінез-құлқы бар балаларды жатқызуға болады.

Оқушылардың әлеуметтік картасы алфавиттік үлгіде әлеуметтік педагогтың картотекасында салынады. Картотекасында жоғарғы және сол жағына бояу қойса болады, оқушы қандай топқа жататынын білуге болады. (Қызыл және жасыл жолақ көпбалалы отбасы қаңғырушылыққа бейім балалар)

Оқушының әлеуметтік паспорты

Әлеуметтік педагог оқушының әлеуметтік паспортына ерекше назар аударуы тиіс. Оқушының әлеуметтік паспортында келесі құжат болуы тиіс; анализ баланың үйіне бару туралы акті, отбасына мінездеме кәсіптік бағдар картасы және т.б.

Анализдің (мәліметтер мен мағлұматтар жиынтығы) бірінші бөлімі

(мамандар толтырса болады, жеке бөліктерін толтырса болады)

Баланың аты-жөні _____

Туылған жылы _____

1. Эпикриз _____

- Жүктілік (қалыпты, күрделі)
- Босану (қалыпты, күрделі)

2. Ерте жастағы қосымша мәліметтер

- Психофизиологиялық дамуы; уақытымен өтіп кеткен дамуында кедергі бар «керегін сызыңыз) дамуындағы ерекшеліктер

- Сөз байлығы алғашқы сөзі _____ қарапайым сөздер (2-3 сөздер)
_____ күрделі сөздер _____ қосымша сөздер _____
- 3. Ерте жастағы қосымша мәліметтер (бала бақшаға барды ма жоқ ия қанша жасынан бастап барды)
- 4. мектепке дейінгі мекемелер:
 - қанша жасынан бастап бала бақшаға барды _____
 - аурулар (ОРВИ бас аурулары және т.б.) _____

проблема болды ма, қандай, қашан, пайда болды, ол немен байланысты _____

5. қандай аурумен ауырған:

- жарақаттар _____
- операциялар _____
- басқа аурулар _____
 - созылмалы аурулар _____

6. білім алуға дайындылығы _____

- Танымдық әрекеті (оқу, жазу, есептеу дағдысы) _____
- Мотивациялық дайындығы (мектепке барғысы келу және т.б.) _____

Мектепке дейінгі жасындағы қосымша мәліметтер: _____

Маманның қолы _____ күні _____

Мектеп жасындағы ерекшеліктері

- Мектепке қанша жасынан бастап барды _____
- Мектепке бейімделуінің ерекшеліктері _____
- Аурулары _____
- Проблема болды ма, қандай, қашан пайда болды, ол немен байланысты _____
- Осы күнге мектептегі үлгерімінің деңгейі _____

- Сыныпта қалдырылды ма _____
қалдырылса, себебі _____
- Мектептегі ұнататын пәндері (атап көрсетіңіз) _____
- Мектептегі ұнамайтын пәндері (атап көрсетіңіз) _____
- Үйде немен айналысқанды жақсы көреді _____
- Мұғалімдермен қарым-қатынасы _____
- Достарымен қарым-қатынасы _____
- Пәндер бойынша алған бағаларына қатынасы _____
- Арнайы сыныпта оқиды ма (ия, жоқ) _____
- Мамандану _____

Мектеп жасы кезеңіндегі қосымша мәліметтер _____

Маманның қолы _____ күні _____

Анамнездің екінші бөлігін ата-аналар бірінші күзгі ата-аналар жиналысында толтыруы тиіс, оған төмендегі сұрақтар кіреді.

Анамнездің (мәліметтер мен мағлұматтар жиынтығы) екінші бөлімі. (ата-аналар немесе оларды ауыстыратын адамдар толтырады)

1. Оқушының аты-жөні _____

Жынысы _____ туылған күні _____

Мектебі № _____ сыныбы / тобы

2. Отбасы құрамы (отбасы мүшелерін толық атап өтіңіз және туыстық жағын атап өтіңіз) _____

3. Отбасындағы нешінші бала _____

4. Анасының аты-жөні _____

- Жасы (толық) _____
- Білімі толық емес орта, орта, арнайы орта, толық емес жоғары. _____
- Мамандығы _____
- Қазіргі уақытта айналысатын қызмет түрі _____
- Әдеті, қызығушылығы (зиянды әдеттер бөлек атап көрсетіңіз: маскүнемдік, нашақорлық т.б.) _____

5. Әкесінің аты-жөні _____

- Жасы (толық) _____
- Білімі толық емес орта, орта, арнайы орта, толық емес жоғары. _____
- Мамандығы _____
- Қазіргі уақытта айналысатын қызмет түрі _____
- Әдеті, қызығушылығы (зиянды әдеттер бөлек атап көрсетіңіз: маскүнемдік, т.б.) _____

6. Бала кіммен бірге тұрады (ата-анасымен бірге, асырап алған ата-аналарымен өгей анасымен, өгей әкесімен, әжесімен, атасымен және т.б.).

7. Егер бала асырап алған ата-аналарымен немесе қамқоршысымен бірге тұрса келесі мәліметтерді көрсетіңіз:

- Аты-жөні _____
- Балаға кім болады _____
- Жасы _____
- Білімі _____
- Мамандығы _____
- Қазіргі уақытта айналысатын қызымет түрі _____

8. Баламен бірге тұрмайтын, бірақ оның өмірінде белсенді араласатын отбасы мүшелері _____

9. Отбасындағы басқа балалар:

Аты-жөні _____, жасы _____ (толық жасы)

Аты-жөні _____, жасы _____ (толық жасы)

Аты-жөні _____, жасы _____ (толық жасы)

10.Отбасының пәтер үй жағдайлары _____ жеке үйі бар, жалпы бөлмедегі бұрышынан, өзінің жазу дәптері бар жеке ұйқы бөлмесі бар, басқа балалармен бірге ұйықтайды .

- 11. Егер ата-анасы ажырасқан болса:
- Ата-анасы ажырасқан кезде бала қанша жаста еді _____
- Бала кіммен қалды (анасымен, әкесімен) _____
- Бала ата-анасының ажырасқанына қалай қарайды _____
- Өзімен бірге тұрмайтын ата-анасымен бала қарым-қатынас жасайды ма _____

12. Баламен көбіне қай туысқаны жиі болады _____

13. Ересектер арасынан кім:

- Балаға үй жұмысын орындауға көмектеседі _____
- Бала ауырған кезде оның қасында кім болады _____
- Мектепке кім шығарып салады және күтіп алады _____
- Баламен кім серуендейді _____

14. Отбасының материалдық жағдайы _____

15. Бала немесе отбасы туралы сіз мәлімдей алатын қосымша мәліметтер _____

Толықтыру күні _____ 200__ жыл.

Бұл мәліметтерді жылда қайталамай, сынып жетекшілері өзі өзгерістерді ендіріп, бланкілеріді сақтап қояды. Әлеуметтік педагог «риск» тобындағы балалар бланкісінің көшірмесін түсіріп, алады. Анамнез бірнеше блоктардан тұрады. (психолог, логопед, дефектолог). Бұл мамандардың міндеттері «риск» тобындағы балаларды зерттеу болып табылады. Анамнездің әр бір бөлімі құпия түрде (конфиденциалды) болуына байланысты, әр блок жеке паракқа орналасқаны жөн.

Баланың үйіне бару туралы акт.

Әлеуметтік педагог сынып жетекшілерімен қатар оқушының отбасылы баруы керек.

1. Ерекше назардағы «риск» тобы отбасына бару кезіндегі акт жазылады, тұрмыстық жағдай жазылады.

Оқушы отбасының материалдық және пәтерлік тұрмыстық жағдайын тексеру туралы АКТ.

Оқушының аты-жөні _____

Мектеп N _____ сыныбы _____

2 _____ тұрмыстық жағдайы тексерілді

Мекен-жайы _____

Отбасы құрамы _____

3. Тұрмыстық жағдайы және жалпы айлығы _____

4. Тұрмыс жағдайы бөлме саны _____ жеке пәтер, коммуналдық жалға алынады (керектісі сызылады)

5. Санитарлық-гигиеналық жағдай (негізгі, күнделікті қажет заттармен қамтамасыз етілу деңгейі жөндеуді қажет етеді.) Жәндіктердің болуы: таракандар, құмырсқалар т.б. _____

6. Баланың жеке бөлменің болмауы, бөлмеде бірге тұрады _____

Білім алуы, ойын ойнауы үшін орнының болмауы _____

7. Үй жануарларының болуы _____

8. Баланың үйіндегі мінез-құлқы _____

9. күн тәртібі (сақталады, сақталмайды): _____

10. Ата-анасымен басқа туыстарымен қарым-қатынасы: _____

11. Үй жұмысына араласуы _____

12. Бала бос уақытта немен айналысады _____

13. Акт жазу барысында байқалған басқа ерекшеліктер _____

14. Қорытынды _____

15. Ұсыныс _____

Әлеуметтік педагог _____ қолы _____

Сынып жетекшісі _____ қолы _____

Ата-анасы _____ қолы _____

Көршілер (телефон) _____

Үйіне бару актісі оқушының әлеуметтік паспортында сақталады.

Отбасына мінездеме

Әлеуметтік педагог жұмысының табысты болуы үшін отбасына мінездеме қажет әсіресе ол ерекше назар аударуды қажет ететін отбасыға қатысты. Оған төмендегі мәліметтерді берсе болады:

1. Отбасы тәрбиесінің түрі
2. Отбасы проблемасы
3. Психологтан алған (отбасымен жүргізген жұмысының нәтижесі) мәліметтер.

Отбасын зерттеудің әлеуметтік–педагогикалық диагностикасы

Отбасы туралы ақпаратты төмендегі диагностикалық әдістер арқылы алса болады.

- Ақпарат жинау әдістері: бақылау, сауалнама арқылы, мінездеме жүйесі социометрия тестілеу
- Алғашқы мәліметтерді талдау әдістері: сапалық, сандық, отбасын суреттеу тарихи-эксперименталдық модельдеу.

Отбасын зерттеудің жалпы алгоритімі:

- Отбасылық жағдайдың жалпы суреттемесі»: отбасы құрамы, құрылымы және т.б. (отбасы құрылымын жіктеу, баспаналық-тұрмыстық және материалдық жағдайы)
- Отбасының әлеуметтік паспорты;
- Отбасына бару актісі:

2.отбасы қызыметінің орындалуы. әсіресе тәрбиелеу қызыметі маңызды (негізгі әдістер бақылау, баланың үйіне бару).

3.Қосымша әдістемелері.

Оқушыға мінездеме

Оқушыға мінездеме кешенді психологиялық-педагогикалық мінездеме ретінде дайындалады.

Мектепті бітіруші (9.11)сыныптарға қосымша мамандыққа бағдарлану картасы мен өзін-өзі анықтауында қиыншылығы бар балалармен жеке жұмыс жоспарлары болуы тиіс. Картотекадағы барлық ақпараттар құпия түрде болады ол тек мектеп директорының талап етуімен немесе жоғары тұрған мекемелердің (қамқоршылық және қорғаушылық органдары, сот орындары) сұрауы бойынша берілуі мүмкін.

Әлеуметтік педагогтың есеп беру журналдары

Әлеуметтік педагогтың есеп беруінің бір түрі «оқушының үйіне бару туралы журналы» болып табылады. Ол әлеуметтік педагогтың атқаратын міндеттерін ескере отырып, жұмыс уақытын бөлуі мен орындалуына мүмкіндік береді. Отбасына барған кездегі толық ақпаратты енгізу міндеттемесі.

«Оқушының үйіне баруын тіркеу» журналы

Күні	Оқушының аты-жөні	Мекен-жайы, тел	Кім қатысты	Қолы

Отбасымен жұмыс кезеңдерін бақылап, отыруына кеңес беру журналы көмектеседі. Кеңес берудің толық сипаттамасы оқушының әлеуметтік паспортына ендіріледі, мұнда атқарылған жұмыс туралы белгілегеді.

«Ата-анаға кеңес беру» журналы

Күні уақыты	Оқушының аты-жөні	Ата-анасының аты-жөні	Қай тақырыптан кеңес берілді	Ескертпе	Қолы

«Әлеуметтік қамтамасыз ету журналында қай отбасына және қай негізде әлеуметтік жеңілдіктер (жәрдем ақы, тегін тамақпен қамтамасыз ету) берілгені, оның орындалуы және қамтамасыз етілуі туралы белгіленеді».

«Әлеуметтік қамтамасыз ету» журналы

Күні	Оқушының аты-жөні	Проблемасы мұқтажы	Сұрақты реттеу(әлеуметтік қызметтер)	Орындалу барысы, күні
15 қазан 2006 ж	Асанов Мұрат	Баспанасында өрт болған:	1. Әлеуметтік қорғау ұйымдарын хабардар ету	Барлық қажетті заттармен қамтамасыз етілді
			2. Тиісті орындарға хат жазу.	27 қазан 2006 ж.
			3. Ата-аналар комитетінің материалдық көмегі	

Әлеуметтік педагогтың қабырға бұрышы

Әлеуметтік педагогтың жұмысы мен мазмұнын ашып беретін жұмысының бір түрі қабырға бұрышы.

Кабинеттің пәндегі қабырға бұрышы: Әлеуметтік педагог жұмысына тікелей қатысатын педагогикалық ұжым, жеке отбасына арналған ақпараттар беріледі.

Қабырға бұрышына төмендегі мәліметтерді көрсетсе болады:

- Әлеуметтік педагогтың лауазымдық міндеттері (тірексызба арқылы берілсе тиімді болады.)
- Әлеуметтік педагогтың жылдық және тоқсандық жоспары:
- Мектептің тәрбие жоспары (немесе жеке бөлігі).
- Әлеуметтік педагогтың басқа мекемелерімен бірлескен жоспары: ішкі қабырға бұрышында ауданның негізгі мекемелері мен олардың сымтетіктері көрсетілген кіші пірім картасын іліп қойған дұрыс;
- Ата-аналар жиналысын өткізу жоспары және нұсқаулар:

Әлеуметтік педагогтың сыртқы қабырға бұрышының мазмұны оқушыға және оның ортасына бағытталған. Басқа мамандармен бірге отырып әлеуметтік педагог төмендегі ақпараттарды дайындай алады:

Салауатты өмір салты проблемалары;

Аддиктивтік мінез-құлықтың алдын алу, нашақорлық, зорлық-зомбылық, ойынға тәуелді болу проблемалар т.б. Заңнамалармен таныстыру: оқушылар мен олардың ата-аналарына құқы мен міндеттері. Бала құқығы туралы Конвенция, ҚР «Бала құқығын қорғау туралы» Заңы, ҚР «Неке (ерзайыптылық) және отбасы туралы» кодексі, әлеуметтік жеңілдіктер, ҚР Қылмыстық кодексі және т.б. Қабырға бұрышының тақырыбы ата-аналар жиналысының тақырыбы мен қиысуы мүмкін. Қабырға бұрышында оқушылар мен ата-аналармен кеңес және басқадай көмек бере алатын мекемелер мен мамандықтардың тізімі болғаны маңызды. Мектептегі ата-аналар жиналысы тақырыптық сипат алуы керек, сынып жетекшісі тақырыпты әлеуметтік педагог пен психологтың ұсынысы мен анықтауы мүмкін. Әр тоқсанның басында мұғалімдер бөлмесінде әр сыныпқа арналған ата-аналар жиналысының жуық тақырыбы көрсетілген ақпараттар берілуі тиіс.

Ата-аналар жиналысының жуық тақырыптары.

1-сынып.

Тақырыбы: 1-сынып оқушыларының мектепте бейімделу проблемасы.

Мазмұны: бастауыш сынып оқушыларымен жас ерекшеліктерін (1-сынып оқушылары), оқу жылы басталар кезеңіндегі бала психикасының бейімделу мүмкіндіктері бейімделу процесіндегі ата-ана рөлі.

2-сынып.

Тақырыбы: баланың жеке ерекшеліктері.

Мазмұны: баланың ішкі жан дүниесі, «жетістіктер аумағы», «шектеушілік аумағы» мінез құлқындағы ерекшеліктер, баланың жүрегіне жеке жол таба білу және ерекшелігін дамытуға көмектесу.

3-сынып.

Тақырыбы: бала өміріндегі отбасының маңыздылығы.

Мазмұны: отбасы - баланың дамуы мен тәрбиесіндегі маңызды фактор, отбасының әлеуметтік қызметі; отбасындағы қарым-қатынас түрлері, оның баланың тұлғалық қарым-қатынасына әсер етуі

4-сынып.

Тақырыбы: баланың рухани дүниесін дамыту.

Мазмұны: баланың өзіндік сана-сезімі «Мен» бейнесі оның әлемге және адамдарға қатынасы; рухани дамуы-күнделікті тәжірибенің нәтижесі ретінде, мінез-құлық этикасын меңгеру жолдары; рухани дамуының психологиялық деңгейі аталған жасында жауапкершілік сезімін қалыптастырудың ерекшеліктері.

5-сынып.

Тақырыбы: Баланың құрбыларының арасында болуы

Мазмұны: Бала ұжымы және оның тұлғалық дамуындағы орны, баланың ұжымдағы өзін-өзі сезінуіндегі проблемалары: ұлдар мен қыздар, баланы басқалардың мойындауы мен өзін-өзі іске асыруына қажеттілігі: басқалармен ынтымақтаса алу мүмкіндігін дамыту баланың құрбыларымен қарым-қатынасы.

6-сынып.

Тақырыбы: Отбасындағы жыныстық тәрбие

Мазмұны: Отбасындағы жыныстық тәрбиені дұрыс ұйымдастырудың маңыздылығы, баланың жыныстық әлеуметтенуіндегі психологиялық ерекшеліктері, бала мен ата-ананың бірлесіп талқылауға ұсынатын тақырыптар.

7-сынып.

Тақырыбы: Темекі тартудың алдын алу.

Мазмұны: Жас өспірім шақтағы темекі тартудың себептері мен зияны, «алғашқы темекі тарту» жағдайындағы ата-ананың позициясы; темекі тартудың алдын алу бойынша ұсыныстар.

8-сынып.

Тақырыбы: Қазіргі кездегі жас өспірімнің «құндылық әлемі».

Мазмұны: Баланың өмірлік құндылық туралы түсінігін талдау; жас өспірімдердің өзіндік мәдениетімен танысу, жасөспірімдер фанатизмінің жағымсыз жақтары.

9-сынып.

Тақырыбы: Жасөспірімдер аддикциясы.

Мазмұны: Баланың бойында аддиктивтік мінез-құлықтың қалыптасуына әсер ететін себептер; үй апорекциясы, ойын аддикциясы және т.б; оның алдын алу шаралары.

10-сынып.

Тақырыбы: Балалардың мектептен кейінгі білім алуы.

Мазмұны: Балалары мектепті бітіргеннен кейінгі білімін жалғастыру болашағы; түрлі білім беру мекемелеріне түсу жағдай мен мүмкіндіктері.

11-сынып.

Тақырыбы: Жоғары сынып оқушылардың кіруімен бейімделуіндегі проблемалары.

Мазмұны: Ересек балаларды тәрбиелеудің ерекшеліктері; отбасы ішіндегі кризистің алдын алу.

Сынып жетекшісі сыныптың ерекшелігіне қарай бір тоқсанға ата-аналар жиналысының тақырыбын таңдау. Әлеуметтік педагог өз қалауы немесе сынып жетекшісінің сұранысы бойынша, мектептің немесе басқа мекемелердің мамандарын тарта отырып, ата-аналар жиналысын өткізу дайындығына қатыса алады.

ҚОСЫМША**Әлеуметтік педагогтың жылдық жоспары****Жылдық жоспар**

№	Іс-шара	Мерзімі	Жауаптылыр
1	Құжаттармен жұмыс (жылдық жоспар әртүрлі категориядағы балалар мен отбасы туралы мәліметтер банкін құру, ата-анаға кеңес беру және үйіне баруын тіркеу туралы журналын арнау);	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
2	Әлеуметтік-педагогикалық диагностика негізінде мектептің әлеуметтік паспортын дайындау;	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
3	Ата-аналар, мұғалімдер және оқушылар үшін кеңес беру және лекциялар ұйымдастыру;	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог мамандар ата-аналар комитетінің төрағасы
4	Әлеуметтік-педагогикалық тәрбие мен әлеуметтік-педагогикалық қорғау міндетін шешуші мекемелермен өзара байланыс жасау (денсаулық сақтау СПИДорталықтары, мәдениет, спорт, әлеуметтік қорғау, ішкі істер және т.б. мекемелері мен мамандары және т.б.)	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог педагог-психолг медбике
5	Құқықбұзушылықтың алдын алу. Құқықбұзушылық кеңесін құру.	Қыркүйек	Мектеп әкімшілігі әлеуметтік педагог педагог-психолог

			сынып жетекшісі
Әлеуметтік-педагогикалық диагностика (зерттеу жұмыстары)			
1	Оқушылардың жеке психологиялық медициналық және педагогикалық ерекшеліктерін зерттеу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог педагог-психолог медбике
2	Әлеуметтік қорғалмаған оқушылар категорияны анықтау (қамқорлықтағы балалар, мүгедек балалар, жетім балалар, көп балалар және аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары, девианттық мінез-құлық оқушылар).	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог медбике сынып жетекшісі
3	Оқушының микроорталығын зерттеу	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
4	1-сынып оқушыларының бейімделу деңгейін анықтау мақсатында әлеуметтік-психологиялық зерттеу.5-сынып оқушыларының бейімделуі деңгейін анықтау.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог педагог-психолог медбике сынып жетекшісі
4	Балалардың әлеуметтік деңгейін анықтау (сыртқы ортаға кіріге алуы, жоғары сынып оқушыларының құндылық бағдары мен өмірлік маңызы бар жоспарларын мектептің іске асыру дәрежесі);	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог педагог-психолог
5	Оқушының тұлғалық ерекшеліктері мен қабілетін, проблемасын анықтау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог педагог-психолог медбике сынып жетекшісі
6	Мектептің әлеуметтік-мәдени жағдайын бағалау (оқушының жалпы мәдени дүние танымын дамыту және оқушының бос уақытын ұйымдастыру бойынша мектеп қызметін бағалау)	Қазан	Әлеуметтік педагог
6	Оқушының тәртібіндегі ауытқушылық себепін, отбасындағы қолайсыздық себепін анықтау.	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог педагог-психолог медбике сынып жетекшісі
7	Мектептің әлеуметтік-психологиялық ахуалын анықтау бағалау (педагогтардың тұлғааралық және кәсіптік деңгейдегі қарым-қатынасы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынас оқушылар мен оқушылар, мектеп пен отбасы арасындағы қарым-қатынас, бір тұтас деңгейі (ұйымшылдығы, бір-біріне көмекке келуге	Жыл бойы	Әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекшісі

	дайындығы)).		
8	Білім беру қызметі деңгейінің ата-ана сұранысына сәйкес келуін анықтау мақсатында сауалнама алу.	Қазан	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
9	Мүгедек балалардың денсаулығына мониторинг жүргізу.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог медбике сынып жетекшісі
Қамқорлықтағы және жетім, жартылай жетім балалармен жұмыс			
1	Мәліметтер банкі құру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшілері
2	Әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
3	Жалпыға білім беру қорынан материалдық көмек көрсету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог
4	Қамқорлық бойынша инспектормен кездесу,	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог
5	Әлеуметтік көмек көрсету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог
6	Санаториялық, курорттық жолдамалармен қамтамасыз ету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог медбике
7	Мектепке тегін тамақ ұйыдастыру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
8	ҰБТ кезінде оларды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу	Маусым	Әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекшісі
Мүгедек балалармен жұмыс мәліметтер банкі құру			
1	Мәліметтер банкі құру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог медбике сынып жетекшісі
2	Мүгедек балаларды жеке оқытуды ұйымдастыру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
3	Әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог
4	Мүгедек балаларды оқулықпен қамтамасыз ету	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
5	Халықаралық мүгедектер күнін өткізу		Мектеп әкімшілігі әлеуметтік-педагог, педагог ұйымдасушысы
6	Әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог медбике
7	Санаториялық, курорттық жолдамалармен қамтамасыз ету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог медбике
Девианттық мінез-құлқы бар балалармен жұмыс			
1	Мәліметтер банкі құру	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі

2	Әлеуметтік тұрмыстық жағдайын анықтау мақсатында олардың үйіне бару.	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
3	Девианттық мінез-құлқы бар балалармен олардың ата-аналарымен әңгіме жүргізу	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
4	Девианттық мінез-құлқы бар балаларды диагностикалау (қызығушылығы, проблемалары, дау-дамай жағдайлары).	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекшісі
5	Сынып жетекшілеріне қиын балалармен жұмысына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекшісі
6	Олардың қызығушылығына қарай үйірмелерге тарту	Қыркүйек	Әлеуметтік педагог сынып жетекшісі
7	Балалармен олардың ата-аналарына психологиялық-педагогикалық көмек көрсету	Дер кезінде	Әлеуметтік педагог педагог-психолог
8	Психологиялық-педагогикалық консилиум жұмысына қатысу	Дер кезінде	Мектеп әкімшілігі әлеуметтік-педагог, педагог-психолог медбике
9	Олардың жазғы демалысы туралы мәлімет жинау, демалысын ұйымдастыру	Сәуір	Әлеуметтік педагог сынып жетекшілері тәлімгер
10	КТІЖБ-мен бірлесіп профилактикалық жұмыстарын ұйымдастыру	Дер кезінде	Мектеп әкімшілігі әлеуметтік-педагог, педагог-психолог сыныпжетекшілері
11	ҰБТ кезінде оларды әлеуметтік – психологиялық сүйемелдеу	Маусым	Әлеуметтік педагог педагог-психолог сынып жетекшісі
Аз қамтамасыз етілген және көп балалалы отбасылармен жұмыс			
1	Әлеуметтік-педагог семинарларына қатысу	Ай сайын	Әлеуметтік педагог
2	Билікті арттыру курстарынан өту	3 жылда бір рет	Әлеуметтік педагог
3	Өз білімін үнемі жетілдіру	Үздіксіз	Әлеуметтік педагог

ГЛОССАРИЙ

Азаматтық қоғам - әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани адамгершілік қатынастары мен мемлекеттің қызмет ету қажеттігін мойындау негізінде құралатын қоғам.

Бедел - белгілі бір тұлғаның немесе адамдардың салмақты ықпал жасаудағы әрекеті.

Әлеуметтану - қоғам дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік заңдылықтары туралы ғылым

Әлеуметтану зерттеуі - қоғамтану зерттеуінің бір түрі, қоғамды тұтас жүйе ретінде қарастырады.

Әлеуметтану сауалдамасы - жеке адамдар мен топтарға ауызша және жазбаша түрінде сұрақтар қою жолымен алғашқы әлеуметтік ақпарат алу тәсілдері

Әлеуметтанудағы позитивизм - XX ғасырдағы әлеуметтанудың жетекші бағыты. Негізін салған О.Конт.

Әлеуметтену - тұлғаның қалыптасу процесі, әлеуметтік ортада мақұлданған құндылықтар мен нормаларды меңгеруі, игеруі және сол әлеуметтік ортаға кірігуі.

Әлеуметтендіру агенттері - әлеуметтендіру процесінің барысына бағытталған мақсатпен ықпал жасаушылар.

Құндылықтар - жалпы көпшілік таныған мінез-құлық стандарты, сол мақсаттарға жетудегі негізгі жолдар мен құралдар туралы сенімдер.

Әлеуметтік құрылым - әлеуметтік топтың ішкі құрылысы, топтардың институттардың өзара әрекеттерінің реттелген жиынтығы.

Мәртебе - белгілі бір құқықтар және міндеттер жиынтығымен байланысқан қоғамдағы тұлғаның немесе әлеуметтік топтың Жалпы қалыптық жағдайы.

Мобильдік - әлеуметтік субъектінің әлеуметтік құрылымындағы орнының өзгеруі.

Мотивация - тұлғаның немесе әлеуметтік топтың белсенділігі мен қызметінің бағытын анықтайтын ниет.

Әлеуметтік стратификация - өздерінің әлеуметтік мәртебесімен өзгешеленетін қоғамдағы түрлі әлеуметтік жіктелудің нәтижесі.

Әлеуметтік-саяси институттар - біршама жоғары ұйымдасқан әлеуметтік және саяси жүйелік түзілім.

Әлеуметтік-саяси элита - қоғамның иерархиялық әлеуметтік құрылымындағы негізгі бұқара көпшіліктен белгілі бір ерекшеліктерімен айрықшаланып, жетекшілігі, жеңілдіктері бар және мемлекеттік билікке салмақты ықпал жасайтын немесе оны жүзеге асыратын адамдар тобы, жігі.

Иделды тип - дәуірге сәйкес ұтымды құндылықтар бағытының эталоны және әлеуметтік ақиқатты тану туралы қызметі атқарушы. Негізін салған-М.Вебер.

Қолданбалы әлеуметтану - әлеуметтану ғылымының саласы. әлеуметтік өмірді оптимизациялау, ұйымдастыру, дамытудың жолдары, формалары. Т.б.

Салалық әлеуметтану - қоғамдық өмірдің жеке немесе ауқымды салаларындағы әлеуметтік құбылыстарды, жүйелерді, процесстерді зерттейтін әлеуметтану ғылымының салалары.

Социум әлеуметтану ғылымының объектісі, яғни адамзаттық өзара әрекеттің жалпы формасы, әлеуметтік ақиқат.

Саяси-әлеуметтік байланыс - адамдардың немесе топтардың тәуелділігін және сәйкестігін көрсететін әлеуметтік әрекет.

Саяси даму - жаңа қоғамдық қатынастардың, институттардың, нормалардың, құндылықтардың қалыптасқан өзгерістері

Саяси-әлеуметтік қауымдастық – ортақ әлеуметтік белгілердің болуымен біріккен, бірлескен, адамдар жиынтығы.

Саяси нормалар – адамдардың іс-әрекетін реттейтін ереже.

Саяси прогресс – қоғамдық дамудың бағыты.

Саяси-әлеуметтік төңкеріс – қоғам дамуындағы сапалық, терең және жоғары прогрессивтісімен алмастыру тәсілі.

Саяси-әлеуметтік заңдар - қоғамның, мемлекеттің т.б. топтардың даму бағытын анықтайтын әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процесстердің арасындағы тұрақты өзара байланыстар.

Саяси-әлеуметтік институттар – біршама жоғары ұйымдасқан әлеуметтік саяси түзілім.

Саяси-әлеуметтік коммуникация – тікелей және қарым-қатынастар мен әлеуметтік және саяси субъектілер арасындағы өзара әрекет актісі мен процесі.

Саяси-әлеуметтік конвергенция – түрлі әлеуметтік және саяси жүйелердің біртіндеп жақындасуы.

Саяси-әлеуметтік қозғалыс – адамдардың әлеуметтік және саяси қолдау мен қарсылық көрсетуге бағытталған ұжымдық әрекетімен байланысқан әлеуметтік және саяси процесстердің формасы.

Саяси-әлеуметтік мүдделер – қоғамның, әлеуметтік топтардың, қауымдастықтардың, субъектілердің әлеуметтік-саяси әрекеттерінің себептері, қайнар көздері, талаптары, мотивтерінің қызметі.

Саяси теңсіздік – адамдардың әлеуметтік және саяси жағдайларының біркелкі еместігі.

Урбанизация – қалалардың, қала халқының өсуінің, қоғам дамуындағы ролінің артуы және өмір салтының таралуының әлеуметтік процесі.

"Терминологиялық қобдиша"

Аддиктивтік мінез-құлық - шындық өмірден кетуге ұмтылған девианттық мінез-құлықтың бір түрі. Бұл мінез-құлық өзінің психикалық жағдайын белгілі бір шарттарды қабылдау арқылы өзгерту немесе көтеріңкі көңіл күйді сақтау үшін назарын нақты іс-қимылда аударуы арқылы білінеді.

Анамнез - баланың тәрбиесі мен дамуы туралы мәліметтер жиынтығы.

Амбиваленттік – екіжүзділік, яғни адамда бір уақытта екі бір-біріне қайшы келетін беталыстардың (уайым, ұмтылыс, түсінік, т.б тіршілік етуі).

Ассоциалдық мінез-құлық-қоғамда әрекеттететін ережелерге нормаларға деген немқұрайлық. Қоғамға қарсы құбылыстармен салыстырғанда мұнда нормаларға қарсы әрекет ету ұмтылысы орын алмайды.

Аутизм - адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, іштей сары уайымға салынған кездегі көңіл-күй;

Альтруизм - қара басының ғана ғамын ойламай, басқаларға қамқорлық етуді уағыздайтын моральдық принсп.

Агрессия - физикалық немесе психологиялық зиян немесе нұқсан келтіруге, басқа адамды немесе адамдар тобын жоюға бағытталған мінез-құлық, әрекет.

Аксиомма - даусыз, дәлелсіз қабылданатын ереже.

Апатия - енжарлық, селқостық, сылбарлық, көңілдің еш нәрсеге соқпауы, үнжырғаның түсуі.

Аномалия - қалыпты жағдайдан және жалпы заңдылықтан ауытқу, бұрыстық.

Әлеумет - халық бұқарасы, көншілік, жамиғат мағынасында қолданылады, қандай болмасын белгілі бір топқа біріккен адамдардың жиынын көрсетеді.

Әлеуметке қарсы (қоғамға қарсы) мінез-құлық – жалпы қоғамға, нақты адамдарға қарсы бағытталған мінез-құлық.

Әлеуметтену - тұлғаның қалыптасу процесі, әлеуметтік ортада мақұлданған құндылықтар мен нормаларды меңгеруі, игеруі және сол әлеуметтік ортаға кірігуі.

Әлеуметтік норма - адамдардың қарым-қатынасын ретейтін қоғамда қабылданған мінез-құлық ережесі.

Әлеуметтік топтар мен қоғам – біріккен әрекеттердің нәтижесінде осы топтағы адамдардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын адамдардың бірлестігі.

Әлеуметтік оңалту – кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалауысз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағанды

құқықтық әлеуметтік, ден бітімі, психикалық, педагогикалық, моралдық және материялық қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені.

Әлеуметтік қатерлі (қауіпті) жағдайдағы отбасы - кәмелетке жасы толмаған баланың тәрбиесіне, біліміне, оны бағып қағуына байланысты қатыгездікпен қарайтын отбасы.

Әлеуметтік құндылықтар - тұлғаның қоғамдық маңыздылығы, әлеуметтік қауымдастық қоғамының материялдық, әлеуметтік объектілері, адамның рухани іс-әрекеті мен оның нәтижелері.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу топтар мен жеке тұлғаның өзара қарым-қатынасын оңтайландыру, олардың қызметтік мақсаттарын, құнды бағдарларын жақындату, көп дәстүрімен жеке индивидтік нормаларды меңгеру арқылы оның ролдік құрылымдыққа енуі.

Әлеуметтік педагогика - тәлім-тәрбие мекемелерінде, сондай-ақ негізгі міндеті тәрбиелік емес басқа да әр түрлі ұйымдарда барлық жастағы және әлеуметтік санаттардағы адамдардың әлеуметтік тәрбиеленуін зерттейтін педагогика саласы.

Әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет – баланы қорғауға бағытталған педагогикалық іс-әрекет. бұл іс-әрекет баланың отбасымен, мектеппен, қоғамен қатынасын реттеуге, оқуына, тіршілікке бейімделуіне көмектесуді көздейді.

Әлеуметтік –педагогикалық кешен – оқу-тәрбие мекемелерінің, әлеуметтік қауымдар мен бірлестіктердің өзара байланысты салмақты жүйесі. Дарынды, науқас жетім, кемтар, т.б балалар тәрбиесінің тұтастығын көздесек, құқықтық экономикалық қорғау мен әлеуметтік сауықтыру шараларын жүзеге асырады.

Әлеуметтік стереотип-әлеуметтік объектің (топ, адам, оқиға, құбылыс және т.б) қоғамда қабылданған орнықты және үстірттеу бейнесі. Әлеуметтік стереотип индивидтің жеке тәжірибесін талдап қорытудың нәтижесі және күні бұрын кесіп-пішілген түсінік, пікір ретінде ақпарат танымдылығы жағдайында қалыптасады.

Әлеуметтік өлшем әдісі – шағын топтағы адамдардың қарым-қатынасын зерттеу үшін енгізген зерттеу әдісі. Басты мақсаты - топ ішіндегі адамдардың тілегі мен мүдесін анықтау.

Әлеуметтік-психологиялық – құзырлық индивидтің тұлғааралық қатынастар жүйесінде өзін қоршаған адамдармен бірлесіп әрекет ете білу қабілеті. Әлеуметтік психологиялық – құзырлық құрамы әлеуметтік жағдайларда бағдар тұта білу, басқа адамдардың жеке тұлғалық ерекшеліктері мен эмоциялық ахуалын дұрыс айқындау, олармен болатын қарым-қатынасқа бара бар тәсілдерді таңдап алу және мұны бірлесіп әрекет ету үстінде жүзеге асыру.

Әлеуметтік – этностық қарым-қатынастық – ұлттаралық әлеуметтік қарым-қатынастардың көрнісі, оны ұлттық сана сезімнің, ұлттық мақтаныштың көрнісі деуге болады.

Әлеуметтік-педагогикалық профилактика - балалар мінез-құлығында жағымсыз сипаттағы әлеуметтік ауытқушылықтарды болдыратын негізгі себеп пен шарттардың алдын – алу немесе жоюға бағытталған ұйымдастырушылық-тәрбиелік іс-шаралар.

Әлеуметтік оқыту - мақсатты бағытталған жүйе және балаларда әлеуметтік дағды-машықтарды қалыптастыру мен әлеуметтік білімді берудің нәтижесі.

Әлеуметтік тәрбие – баланың жемісті әлеуметтендірілуіне қажет тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың мақсатты бағытталған жүйесі.

Бағдарлау (ориентация) – алдағы әрекетің бағытын, мөлшерін сезім және ойжүгірту арқылы анықтау. Әлеуметтік педагогикалық іс-әрекет баланы қорғауға бағытталған педагогикалық іс-әрекет.бұл іс-әрекет баланың отбасымен, мектеппен, қоғаммен, қатынасын реттеуге, оқуына тіршілікке бейімделуіне көмектесуді көздейді.

Бейімделу - адам ағзасының сыртқы ортаның әр түрлі жағдайына бейімделу қабілеттілігі.Бейімделу-физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік-психологиялық әлеуметтік бейімделуі болып бөлінеді.

Вандализм - қоғамға қарсы мінез-құлықтың бір түрі: материалдық құндылықтарды бұзу немесе қирату.

Виктимология - педагогика, психология, социология, криминология түйіндемесіндегі білім саласы, әлеуметтенудің қолайсыз жағдайларының құрбандары болған әр түрлі адамдар категорияларын зерттейді. Оларға: мүгедектер, жетім балалар, ата-ана қамқорлығынан айырылған, жағдайларға байланысты панасыз және қараусыз қалған балалар, эканомикалық деңгейі төмен, бейморальдық және криминогендік ахуалдағы жағдайсыз отбасыларының балалары жатады.

Гендер - қазіргі кездегі ерлер мен әйелдердің арасындағы ұқсастықпен айырмашылықтарды, олардың әлеуметтік ролдерін т.б. талдаған кезде қолданылатын термин.

Девиация - ауытқушылық, қайсыбір нормадан ауытқу. Термин мінез-құлықтағы, қарым-қатынастағы, статистикалық ауытқуларды белгілеу үшін қолданылады.

Деликт - құқықтық норманы бұзатын іс-әрекет.

Делинквет - ауытқыма мінез-құлық өзінің үшқары көріністерінде қылмыстық жазаланатын әрекет болып шығатын субъект.

Дезадаптация – субъектінің жеткілікті шамада және ұзақ уақыт ағымында кейбір негізгі (өңірлік) психологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыруға қиындататын осындай өмірлік жағдайлардың нәтижесінде пайда болған психологиялық күй.

Жеке тұлғалық - тұлғаның ықпалдастық қасиеті, оның қайталанбайтын жеке психикалық ерекшеліктерінің жиынтығы.

Индивид – жекелей табиғи тіршілік иесі, даралық белгілердің иесі ретіндегі адам: адамзат қауымдастығының жеке бір өкілі.

Идентификация – ұқсас, бірдей деп санау – бір нәрсені, біреуді тану, бір нәрсемен, біреумен ұқсастыру, теңдестіру.

Кәсіптік бағдарлау - оқушылардың жеке бейімділігін қабілеттерін және қоғамдық қажеттіліктерін есепке ала отырып, дер кезінде еңбектік іс-әрекеттің түрлерімен таныстыруға бағытталған мектептің оқу-тәрбие процесінің құрамды бөлігі.

Қадағалаусыз қалу - кәмелетке толмағандардың құқық бұзуына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс.

Қадағалаусыз қалған бала - ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ педагогтардың, тәрбиешілердің және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті басқа да оқыту, және бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы салдарынан, не оның үйден немесе бала құқығын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз еркімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала.

Қоғамдық (әлеуметтік) тәрбие - бұл «адам-адам» қатынастары желісінде жүргізілетін тәрбие, яғни тікелей адамаралық байланыстар мен осы мақсатқа арнайы ұйымдастырылған қоғамдық мекемелер (қайырымдылық қорлары, ұйымдар, қоғамдар бірлестігі т.б.) тарапынан болатын істер.

Қоршаған орта – адамның тіршілік етуін, қалыптасуын, іс-әрекетін анықтайтын барлық табиғи, қоғамдық, материалдық және рухани жағдайлар. Адамның әлеуметтік ортасы-отбасы, достары, өндірістік, оқу және т.б. ұжымдар мен топтар қамтылады.

Маргинализация – бұл «тұрақсыздық», «аралық», яғни түрлі әлеуметтік паталогиялардың таратылуы.

Мінез - жеке адамның ортамен өзара әрекет етуіне іске асырылатын іс-әрекеттер жиынтығы.

Мінездің патологиялық қалыптасуы – тәрбие кемшіліктері, созылмалы жүйкеге жарақат салатын жағдайдың ықпалымен баланың мінезінің жағымсыз өзгеруі.

Оңалту – қайта қалпына келтіру, аномалды баланы әлеуметтік ортаға енгізуге бағытталған, медициналық-педагогикалық шаралар жүйесі, оның психофизикалық мүмкіндіктері деңгейінде тіршілік және әрекет етуге қатыстыру.

Өмірде қиын жағдайға душар болған балалар – қалыптасқан жағдайлардың салдарынан тіршілік әрекеті бұзылған және осы жағдайларды өз бетінше немесе отбасының көмегімен жеңе алмайтын балалар.

Панасыз қалған балалар – тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала.

Профилактика – адамның дене, психикалық және жанының ауыруынан алдын алуға, денсаулығын сақтауы мен өмірін ұзартуға арналған іс-шаралар жүйесі.

Реабилитация - адамның құқын, мәртебесін, денсаулығын қалпына келтіруге бағытталған кешенді, кезеңі бойынша әрекеттер жүйесі. Аталған жүйе ауытқушылықтың профилактикасы мен түзету аспектілерін біріктіреді.

Сауалнама - сұрақтар арқылы мәліметтер жинау. Сауалнама әлеуметтану, психология, педагогика және т.б. ғылым салаларындағы зерттеулерде қолданылады. Сауалнама әдістемесі сауал қою және сұхбаттасу болып екіге бөлінеді.

Сыйысымдылық – тұлғалық ерекшеліктердің ұтымды қатынасы, адамдардың психикалық қасиеттерінің талапқа сай қарым-қатынас пен іс-әрекетке оңтайлануы.

Социометрия – шағын топтағы тұлғааралық қарым-қатынастардың ерекшелігін зерттеу әдісі. Социометриядағы негізгі тәсілі – арнайы сауалнамадағы сұрақтарға жауап бере отырып, топтың әрбір мүшесі өзінің басқаға деген қатынасын білдіреді. Нәтижелері социограммаға немесе социометрияға енгізіледі.

Сыртқа орта – тұлғаның, әлеуметтік қауымының дамуындағы әлеуметтік және физикалық жағдайының жиынтығы.

Стресс - кез-келген күшті әсерден пайда болатын психофизиологиялық күй.

Субъект – болмысты тану мен өзгертудің қайнары ретіндегі индивид немесе топ, белсенділікті жеткізуші.

Суицид – жан дүниесі қатты күйзелген күйде не психикалық аурудың ықпалымен адам жасайтын өзі-өзін өлтіру жағдайы.

Тұлғаның әлеуметтенуі – тұлғаның индивидуалдық әлеуметтік ортаға кіру процесі, оның тәжірибелік және теориялық әрекеттегі дағдыларды меңгеруі, шынайы қарым-қатынастардың тұлғаның қасиетіне айналуы.

Тұлғаның әлеуметтену – қоғамның тәрбиелік күшін, адамды әлеуметтендіру процесін әлеуметтік институт ретінде тәрбиені зертейтін ғылым саласы.

Тәуекел тобындағы отбасы - бұл кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе олардың заңды қамқоршылары балалар тәрбиесіне қатысты міндеттемелерін орындамай немесе олардың мінез-құлқына жағымсыз әсер ететін, олардың құқығына қарсы әрекеттер жасаған отбасы.

Тәуекел факторы – ағзаның патологиялық жағдайына сепепкер болатын сыртқы және ішкі органың түрлі жағдайлары.

Толеранттылық - шыдамдылық, төзімділік, психикалық тұрақтылық, яғни қайталанған әсерлерге деген сезімталдықтың нәтижесінде қалыптасқан көнбістік.

Тұлға - жеке ерекшеліктері бар қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын сезінген, қызметтің белгілі бір түрімен айналсатын әлеуметтік қауымдастықтың белгілі өкілі нақты адам.

Тұлғаның дүниетанымы – тұлғаның негізгі бағыты, өз-өзіне, табиғатқа адамның қоғамға қатынасы, жалпы әлемге деген көзқарастар жүесі.

Тұрмысы қолайсыз отбасы - кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы.

Транс - сананың бұзылуы, айналадағы жағдайды және өз қылықтарының мақсаттарын ұғынбай, мінез-құлықтың күрделі актілерін бірнеше минут бойына не одан да ұзақ уақыт автоматты түрде атқарудан көрінеді.

Эмпатия - адамның қасиеті, сезімі арқылы басқа адамдардың ұқсастыруы, өзін басқаның орнына қойып, оның жеке бастық мағыналарын игеруі.

Фактор - қандайда бір процесстің, құбылыстың қозғаушы күші, себебі.

Фанаттық мінез-құлық - белгілі бір идеяға, көзқарасқа жан-тәнімен берілу.

Эпикриз-арудың себебін, емдеудің дамуы мен нәтижесі енгізілген қорытынды диагноз.

Эмпатия - өзге адамның жан-дүниенің сыры мен жай-күйін білу қабілеттілігі және оған жанашырлық білдіру.

Психологиялық өлшем – адамның ішкі жан дүниесі, онда жүріп жататын саналы және санадан тыс құбылыстар мен процестер, сезім жүйесі, мысалы, құмарлығы, жек көру, не сүйу, мақтаныш, не қорлану, күйініш, не наразылық, ойлау т.б. адамның еркі мен сипатын (бейнесін), темперамент, т.б. қамтиды. Осыған орай жеке – жеке алып қарағанда бұл екі өлшемнің әрқайсысы адам ұғымын тұтас тұлға ретінде ашып бере алмайды, өйткені биология мен психология адамдарды жеке – дара зерттеп, оларды тұлға ретінде көрсете алмайды.

Әлеуметтік өлшем – адамды тұлға, яғни белгілі бір тип, бірнеше адамның үлгісі, образы, бейнесі, моделі ретінде қарайды. Тұлғаны жан жақты осылай қалыптастыратын оны қоршап тұрған орта, мұнда ол үнемі іс - әрекет, қызмет атқарады, үнемі онымен тығыз байланыс, қатынаста болады. Осыған сәйкес әрбір қоғам өзіне тән лайықты тұлғаны қалыптастырып отырады.

Әрбір тұлғаның белгілі бір деңгейде іштей санасы, қасиеті болады. Осылардың жиынтығы тұлғаның құрылымын қалыптастырады.

Әлеуметтендіру агенттері - (*лат. agens - іс-әрекет етуші*) - объективті түрде жеке тұлғаны әлеуметтендіру процесіне қатысушы әлеуметтік институттар мен факторлар. Әлеуметтендіру агенттеріне отбасы, оқу орындары, саяси және қоғамдық институттар, дін, БАҚ, мүдделер тобы, оқиғалар және қоғамдық өмір процесі, құбылыстар жатады. Бұлардың барлығы да жеке тұлғаның әлеуметтік сипатының қалыптасу процесіне маңызды ықпал етеді. Жеке тұлға өмірінің әр кезеңіне (балалық шағына, жасөспірім кезіне, еңбекке дейінгі, ақыл тоқтатқан, зейнетке шыққан) сай келетін өз агенттері бар.

Әлеуметтік-педагогикалық қызмет – баланың, жасөспірімнің отбасында, мектепте, қоғамда т.б. орталармен қалыпты қарым-қатынасқа түсуі үшін, өзін-өзі ұйымдастыра білуі.

«Тұлға» - Жоғары шарықтап дамыған, жан-жақты, терең жетілген адам. «Тұлға» ұғымы адамның әлеуметтік дамуының сапалық көрсеткіші. Бұл адамның биологиялық табиғи қасиеті емес. Ол тек қана адамның әлеуметтік орта жағдайында ғана пайда болады, яғни ол белгілі бір топта, бірлікте өмір сүреді, мұнсыз болмайды, сөйтіп ол адам қоғамдағы барлық қатынастарды, тәжірибені, құнды бағалы нысандарды, бағыттарды өз бойына сіңіріп, меңгеріп, өмірде қолданады. Сөйтіп қоғамды одан әрі жетілдіріп, дамыта отырып, өзі жаңа сапа, қасиетке, яғни тұлғалыққа ие болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі «Педагогика және психология» А. Мектеп - 2002 ж.
2. «Методика и технологии работы социального педагога» М.А. Галагузова Х.В.Мардахаев. М. Академия 2004 г.
3. «Методическая помощь социальному педагогу образовательного учреждения по ведению текущей документации» А.И.Ситиик. А.В.Мисько. М.Академия 2005 г.
4. «Методика и технологии работы социального педагога» Н.А.Шентенко.Г.А.Воронина М.Академия 2002 г.
5. Шпаргалка по социологии Н.В.Аскеров. Е.В.Белова, Н.А.Мельникова М 2000г.
6. «Девиантты мінез-құлық жасөспірімдерімен түзетушілік-педагогикалық жұмыс атқару»К.М.Арыбаева Шымкент.
7. Профилактика подростковой девиации: Теория и практика А.И.Тееленко М.С.Керимбаева А. 2005г.
8. Социальная педагогика: введение в специальность А.И.Тееленко А. 2005г.
9. Народное образование Российский общественно-педагогический журнал №2 2006г. М
10. Педагогика. Практикум и методический материалы. Коджаспирова М.
- 11.Мектептегі психологиялық диагностика. Власова Н.В. Шабажанова С.Қ.
12. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал №5.2006ж.
13. Психология. Социология. Дефектология. Республикалық педагогикалық журнал №3.А.2005ж.
- 14.Бастауыш мектеп.Республикалық-ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал №1.А.2006ж.
15. Қазақстанның білім және ғылым әлемі. Республикалық-ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журнал №3.2006ж.
16. Социология и педагогика журнал №1.2.3 М. 2007ж.